

*Ә. Сабырұлы  
Ф. Әзбекұлы  
С. Әзбекұлы*



# **Өлеңмен өрілген өмір**

*2017 ж.*

Олармен өзінген соң оғынаныз,  
Бүгінде көмегінде көзінаныз.  
Үлкеншінде үлкен жағдайда басмай болады,  
Молитвай үшіншінде оңайрынаныз  
Оңердік ең еріле үшіншінде  
Сиздерге биктердеген көзінаныз!

Ми мүшкін

Тасмаганбековтаяр  
Жұлдызы

18 наурызда 2028 жыл

Conf:

J. K. A.

Северо-Казахстанская  
областная библиотека  
им. С. МУКАНОВА  
г. Петропавловск

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ  
ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ТАСТАМБЕКОВ Ә. С., ТАСТАМБЕКОВ Ғ. Ә.,  
САБЫР С. Ә.



ӘЛЕҢМЕН  
ӨРІЛГЕН ӨМІР



Петропавл, 2017

**ӘОЖ 821.512.122**

**КБЖ 84 Каз-5**

**T22**

**Пікір білдірушілер:**

**Нұрсайын Шәріп,**

Облыстық ішкі істер басқармасының жаңындағы

«Өнірлік коммуникациялар қызметі» ММ директоры,

Халықаралық «Қазақстан ZAMAN» газетінін

СКО бойынша меншікті тілшісі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Акпарат саласының үздігі

**Ербақыт Амантайұлы, «Солтүстік Қазақстан» облыстық газеті бас редакторының орынбасары.**

Тастамбеков Ә. С., Тастамбеков Ф. Ә., Сабыр С. Ә.

«Өлеммен өрілген өмір»

**ISBN 978-601-06-4506-6**

Тастамбековтар отбасының әкелі-балалы «Өлеммен өрілген өмір» деп аталатын тұнғыш өлеңдер жинағына әр жылдары жазылған өлеңдер енгізілді. Олардың тақырыбы сан алуан. Мысалы, тәуелсіз мемлекетіміздің мерейі, егеменді еліміздің сән-салтанаты, елдік пен ерлік қасиеті, ел орда Астанамыздың әсемдігі, сонымен катар биік тұлға тұтатын акындарымызға арнау болса, Фархат акынымыздың шет елдердің өлеңдерінің өз аудармалары енгізілген. Сезім мен аласапыран көніл толқыныстарынан туған жырлары оқырман жүргегін ыстық әсерге бөлөрі сөзсіз. Бұл кітапта Өзбек ағамыздың өлеңдерінен баска да әзіл әнгімелері, көрген, білгендерін, ойға түйгендерін осы кітапта жазылған.

*563426*

**ӘОЖ 821.512.122**

**КБЖ 84 Каз-5**

© Тастамбеков Ә. С., Тастамбеков Ф. Ә., Сабыр С. Ә.

**ISBN 978-601-06-4506-6 ©**

**ӘОЖ 821.512.122**

**КБЖ 63.3 (5 каз)**

Северо-Казахстанская  
областная библиотека  
им. С. МУКАНОВА  
г. Петропавловск



Пүшан жер, қиелі едің әуелі бастан,  
Өңірің дарындарға толы дастан.  
Үрпағы болғаннан соң ұлылардың,  
Біздерге бақыт бар ма бұдан асқан  
Бір үйден үшөнерлі қалам тербен,  
Еліне жырларынан шашу шашқан  
Кішісі он сегізге жаңа толса,  
Үлкені алпыс жасқа аяқ басқан.





## ЖУРЕГІМЕН ЖЫР ЖАЗҒАН ЖЕРЛЕСТЕРИМ...

Өзім шалғайдағы  
Бостандық ауылының  
тумасы болғандықтан,  
Өзбек пен Алманың  
отбасын жақсы танимын.  
Біз кездері көршіме жиен

болып жүрген Өзбек ініміз болашақ жан  
жарын көрші үйден тапты да, «Бай Еңбегін»  
Бостандыққа «айырбастады», біздің ауылдың  
бәріне сыйлы азаматы атанды. Оған Өзбектің  
адами қасиеті, өнерге, әсіресе қазақ тілі мен  
поэзияға деген құлшынысы, имандылығы игі  
әсер етті. Өзі домбыра тартуға өте шебер  
болмаса да, қазактың екі шекті аспабын  
күшактап алып, табиғи дарынымен облыс  
орталығындағы айтыстарға катысты, «өнерге  
таласы бар» екенін байқатты, ак қайындар  
аралындағы Бостандықты Қызылжар өніріне  
тәнитты. Сөз құдыретіне деген «ғашықтық»  
балаларына да дарыды. Оларды шындауға  
бұл күндері отағасы болып отырған  
талапшыл ініміз зор үлес қосты. Сөйтіп  
Өзбектің өзі айтқандай, «Бір үйден үш өнерлі  
калам тербейтін» дәрежеге жетті. Фархаты

мен кіп-кішкентай · Санжарын жана ғана жандана бастаған айтыс өнерінің додасына зор үмітпен әкеліп, сайыстың «қазанына» салды да жіберді. Онысы нәтижесіз болған жок. Қос ұл жыр сайысында он-солдарын таныды, болаттай шындалды, поэзияның кәусарынан сусындады. Сөйте жүріп, айтыс десе делебесі козатын Қызылжар өнірінің тұрғындарына өздерін танытып та үлгерді. Ата-бабамыз айтқандай, «Әке көрген оқ жонар» деген осы болса керек.

Өзбек ініміздің соңғы кездері қара сөзге де, ел тарихына да көңіл бөле бастағаны куантады. Сөз өнері ұдайы ізденісті, шабытты үнемі жанып отыруды талап етеді. Сондықтан балаларына ұлгі болып жүрген тұғырлы тұлғаның шыққан биігінен аласармауын, тек қана шарықтай, өлең өріне өрлей беруін тілеймін!..

**Нұрсайын Шәріп,**

**Облыстық ішкі істер басқармасының жанындағы  
«Өнірлік коммуникациялар қызметі» ММ директоры,  
Халықаралық «Қазақстан ZAMAN» газетінің  
СКО бойынша меншікті тілшісі, Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі, Ақпарат саласының үздігі**



## ӘКЕГЕ ТАРТЫП ҰЛ ТУАР

Ауыл – қазақтың алтын бесігі. Қаймағы бұзымаған, іргесі сөгілмеген ауылдарымыздан талай тарландар түлеп ұшып, асқақ арманның жетегімен кияларға қанат қақты.

Өкінішке карай, казір ауылдың қадірі қашынқыраған алмағайып заман туды. Ауыз су жок, жолы шұрық тесік, қираған үйлер – күнделікті көрініске айналғалы қашан? Бірақ бұл келенсіздіктер ауыл адамдарының ұнжырасын түсіріп, көнілдеріне қаяу салмауы керек.

Қызылжар өніріндегі еңселі елді мекендердің бірі – Бостандық ауылы еді. Тұрғындарының ауызбіршілігі, еңбеккорлығы және ұлтжандылығымен ерекше қоныс. Осы ауылдың күнделікті күйбен тіршілігін өлеңіне қосып, кемшіліктері болса сын садағына алып, қарапайым ғана өмір кешіп жатқан бір азамат бар. Есімі Өзбек болғанымен, ұлты қазақ. Ол бала да оқытты, аламан айттысқа шығып, ауданының насымын да қоргады, комбайн мініп, егін де орды. Қай жұмыста жүрсе де өлеңін тастаған емес.

Қалада емес, ауылда менің тірлігім,  
Босқа өтпеген ешқашан да бір құнім.  
Ағайын бар, бауырлар бар осында,  
Татулықпен жарастырған бірлігін, – деп  
келетін шумактардың иесі ел аузында жүрген,  
ақсақалдардан естіген ескілікті әнгімелерді де  
койын дәптеріне түртіп жүреді екен.  
Жазғандары облыстық «Солтүстік Қазақстан»  
газетінің беттеріне де шығып үлгерді. Тілі  
шұрайлы, өлендерінде көп айтыла бермейтін  
ескілікті тіркестер кездесіп қалады,  
әдебиеттің қайнарынан сусындағаны да  
аңғарылады. Бұны кей катарластарының сөз  
мәйегін бұзып сөйлейтінін сынап жазған  
«Жауыр болған «Жаңағы» атты өлеңі де  
анық аңғартып тұрғандай.

Ілескенмен көркемделген көшке мен,  
Ана тілдің тазалығын хош көрем.  
Қыстырмалы, қыныр сөздер жетпесін,  
Бұғінгінің ұрпағына өскелен, – деген бір  
шумакпен түйінделетін өлең бұғінгідей  
шұбар тілімізді түзетуге, байытуға шакырады.  
Қазакта көп айтылатын тәмсілдердің бірі  
«Әке көрген ок жонар, шеше көрген тон  
пішер» деп келетін нақыл сөз. Осы сөздің  
дәп айтылғанына дау жоқ. Себебі, ұяда не  
көрсөн, ұшқанда соны ілесін. Өлең, әдебиет,  
білім деген түсініктерді қастер тұтатын Өзбек

Тастамбековтың әuletінен жаман үл шықпасы белгілі. Төрт ұлы – төрт құбыласы. Солардың ішінен ортанышы Фархат пен кенжесі Санжарды ерекше атап өткім келеді. Фархат бала кезінен өлеңге өте жақын болды. Кейін журналистика мамандығын игере жүріп, мұшайраларға қатысты. Бүгінде қаламды серік еткен өніріміздегі белгілі журналистердің біріне айналды. Ал Санжар айтыс арқылы танылды. Болар бала бесіктен байкалады. Домбырасы өзінен үлкен болса да ағаларымен сөз таластырып, талай аламанда көрерменді тамсантқаны есімізде. Бүгінде елордада, өнер мен мәдениеттің, әдебиеттің ортасында шыңдалып жүр. Әкеге тартып үл туар. Әкелі-балалы үшеудің өлеңдерін оқып отырып, қазактың ауылына барып қайтқандай әсер аласын. Сөзді құрметтеген, әдебиетті бағалаған, көрген-білгендерін, ойларына түйгендерін қағаз бетіне түсіріп, ұрпағым білсін деп жүрген осындай ағаның және әке салған сүрлеумен келе жатқан ұлдардың барына риза боласын. Қалам – мәңгілік серіктеріңіз болсын!

Ербакыт Амантайұлы, «Солтүстік Қазақстан»  
облыстық газеті бас редакторының орынбасары

## Өлеңмен өрілген өтір

---

### Өлеңмен өрілген өмірбаяным.

Мен қазіргі Есіл ауданындағы етегін кенге жайған Еңбек ауылында туып өстім. Жар басына орналасқан, табиғаты тамаша көркіменен баурап алатын ауылымның тылсым күші, сиқыры әсер етті ме, әлде өніріміздегі дарынды тұлғалардың өнерімен өрілген өлеңдері өн бойыма өрісін жайды ма, қолыма қалам алып, ойыма келген оралымды дүниелерді жазғым- әк келетіні рас болатын. Сол кездегі облыстық сүйікті газетіміз «Ленин туына» (казіргі «Солтүстік Қазақстан») мектеп өміріндегі жағымды жаңалықтарды, аудан өміріндегі өнерлі жастарды жазумен шектелетінмін. Бірақ жұдышықтай жүргіме жиналған жыр – шұмақтарымды жіберуге асыққан емеспін. Бір қайнауы ішінде қалғандай онымды келешектің еншісіне қалдыра беріппін. Ал, құрбы – құрдасқа, туыстарыма әдемі әзілмен арнаған өлеңдерім ел есінде сақталып, ата – әжемнің бауырында өскендіктен «Сұрағанның ақын баласы» атанып кеткен едім.

Балалықтан ағалық жасқа жеткенде Алма Әбдірашитқызына үйленіп, отау құрдық.

## Әзбек Сабырұлы

Бүгінгі күнге дейін ол ұлағатты ұстаздықтың ұлы жолында 35 жыл еңбек етіп келеді.  
Қазакта «бір баласы бардың шығар – шықпас жаны бар,  
екі баласы бардың – өкпе, бауыр, жалы бар,  
үш баласы бардың - жылы суға малған қолы бар,  
төрт баласы бардың – аспаннан салған жолы бар» демекші, қазір төрт ұлымыз бар. Үлкеніміз Мәрлен – үйленіп, немере иіскетіп отыр. Келініміз - Эльмира да құдайға шүкір, мұғалімдік жолды тандап, шәкірттерді тәрбиелеп жүр. Дәуреніміз де ана жолын қуып, екі жоғарғы оку орнын бітіріп, қазіргі танда математика, информатика пәндерінен сабак беруде.

Фархат ұлымыз журналистика саласында еңбек етуде. Қөпейіміз – Санжар Лев Гумилёв атындағы университеттің студенті, грант иегері. «Болар баланың бетінен қакпа, белін бу» дейді дана халқым, осы ұлдарымызға бала кезінде дұрыс бағыт көрсете алдық деп ойлаймын. Бүгінгі куні – менің, Фархат пен Санжар ұлдарымның жырлары жинақталған осы кітабымыз да жарыққа шықкан сәтте. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Тұған жер» бағдарламасын бойына сініріп, жолдауды

## Өлеңтөн өрілген өтір \_\_\_\_\_

жүрегіне жақын етіп, қызу қолдаған  
Бостандық ауыл кітапханашысы, әрі  
балдызым Мұстапина Әсел Маратқызының  
өлеңдерімізді жинақтап, кітап қылып  
шығаруды қолға алғаны – біздің отбасын өте  
куантты және де оған деген алғысымыз да  
шексіз. Сөз соңында, бағасын өзі берер барша  
жыр сүйер қауымға:

- Үмтұлмадым атаққа, мадаққа да,  
Ұрынбадым ұрсыспен шатаққа да.  
Бойлап едім, барыммен баға тұтып,  
Ақындардан қалған жыр – ғажапқа да  
Жалындаған жырларым болмаса да,  
Жанып едім шоқтай боп маздалап қана  
Қабыл алғай, қауым ел, сол жырымды,  
Өз ойымнан өрбіген аздап қана! – деп  
аяқтағым келеді.



Құттықтау.  
**ОЙЫН МЕН ОЙЫ АРАЛАС**

Тимка досыма мүшел жасына толған кезде

Талай қысын, талай жаз артта қалып  
Өнерінмен келесің топты жарып  
Төрт мүшелге толыпсың Темірболат.  
Құттықтауда өзінді бүкіл халық  
Менде саған айтамын құтты болсын  
Бостандыққа барынша айғай салып  
Денсаулықтың арқасында бой бермегін  
Сүліктей боп сорсада мына нарық  
Ақкуыңды аймалап ара тұра  
Шабытыңды алғайсың жанып – жанып  
Қара көгің шанаға жегілгенде  
Жүрер жолың әрқашан болсын жарық  
Әзілімді қойсамда мықтап, тұсап,  
Алып ұшты өзіңе ашып құшақ  
Өмірінді өнермен өрлете бер  
Өнерсізге бұл жалған қырық пышак  
Татулықпен тартымты тірлік қыл да  
Тоңмойынға түймедей болма ұсак!  
Ер кезегі екі емес ұшке дейін  
Женгетайым көтерсін тағы құрсақ.  
Еркелете бермей – ак ақкуыңды  
Ойланындар араға бірер күн сап  
Кешір Тимка егерде катты кетсем  
Жағылмаймын бетіне күйеге ұксап

## Өлемнен өрілген өмір

---

Шәкірттерді жетеле өнеріңмен  
Құлынын тастамайтын биеге ұқсап  
Тұған күнде тоя бір сусын ішши  
Қырық күн су ішпеген түйеге ұқсап  
Көктемді күт, ысқылап алақанды  
Қарсы аларсын ұйқысыз ала таңды  
Балажан – ен, барыңды іске қосып  
Шығара бер сары уыз балапанды!

Елде тұған ерекше бір ерексің  
Еңбегіңмен, өнерімен зерексің  
Бүгіндері ұл менен қыз өсіріп  
Тамырларын терең жайған терексің  
Шеберлігің ғаламат! «Хабар» түгіл  
«ОРТ» - ға таптырмайтын дерексің  
Техосмотр болған күні ауылда  
Шопырлар мен аккуына керексің!

Қолыңдағы кист қандай, қалам қандай,  
Тандайына талайдың татығандай!  
Толғактары кеп тұған кей туындың  
Валютага Вьетнамға сатылғандай  
Кей суретің дененді мұздатады  
Тоңазытқыш ішіне қатырғандай  
«СПИД» - інде талайлар мерт болыпты  
Арыстан айға ұмтылып атылғандай  
Екі жасты камапсың бөтелкеге  
Қорқып кеттім бір өзім отырғандай  
Көре – көре суретті кейбіреулер  
Жамандықтан жиіреніп жатылғандай

## Өзбек Сабырұлы

Ыстық болып барасың күннен – күнге  
Табадан жана тұскен бәтір нандай!

Өткен жылда қалсыншы бар азабың  
Жаңа ғасыр сыйласын ой- ғажабың!  
Жайнамазға жығылып, намаз оқып,  
Оразанмен орнатшы дін маздағың  
Құман ұстап, дәретін алып жүрген,  
Жиырма бірдің көрейін шын қазағын!

Айт боларда қаланы көп кезбегін,  
Жамандықты еш уақытта сезбегін.  
Жанұянмен шат-шадыман жайқалып  
Бола берсін қуанышты кездерін.  
Мергені боп мына өмірдің мұлт кетпей  
Нысананды дәлдеп қана көздегін  
Қазак емес көп ішінен өзіннің  
Достық тілек, әзілменен Өзбекін!

## ЖЕМҚОРЛАР

-Анау ма, анау!  
- Кеше оны кім елеп еді,  
Ауылдағы сұмелек еді  
Әйтеуір отқа түсіп кетпей жүрген,  
Елпілдеген көбелек еді.  
Мұғалім сабак сұраса,  
Бұл тұра қалып тамак сұрайтын  
Оны да табақ – табақ сұрайтын

## Өлеңтөн өрілген өтір

---

Тамағы болмаса,  
Жата қалып жылайтын.  
Сөйтіп жынды бурадай құтыратын  
Мұғалім байғұс  
500 тенге беріп құтылатын,  
Қызыл шимайға толы беті  
Күнделігінде қаптаған екі  
Сүйткен сүмелек неме  
Бүгіндер ер жетті  
Нағашысының арқасында  
Бастық боп кетті  
Қазір тауық фермасына  
Менгеруші боп кеп отыр  
Кабинетінде жатып алыш  
Окорачкаларды жеп отыр.  
-Мынау ма, мынау!  
-Мұның да оңбаған  
11 жыл бойы  
Басына білім қонбаған  
-Абайды білесің бе десен,  
-Білемін,  
-Күнде футбол ойнап жүремін  
Өткенде допты емес, теуіп қалып  
Сындырдым оның білегін дейді.  
- Ал, Мағжан ше, ол кім?  
- Е, е , ол көрші болып тұрады,  
Өзінің үп-үлкен құлагы  
Ана жолы ат үйретем деп,

Онбай жерге құлады.  
Кітапты оқымаған,  
Мұның бар білері осы.  
Өншеш атактылар –  
Көрші – қолан досы.  
Сойткен бұл дүбәрә  
Әупіріммен ақын болды.  
Көрінгенге жағымпаз, жакын болды  
Жазған өлеңдері мардымсыз  
Ақпанның аязындаі салқын болды.

- Ол, ол ма!
- Оның да онбайды?
- Өмірбаяны инфарктке бергісіз мол қайғы  
Бала жастан семіз болды  
Тілі кеміс болды  
«Ә» десен «Мә» дейді  
«Мә» десен «Дә» дейді  
Көрінгенді сұрайды  
Бермесен жылайды  
Сабакқа бір күн барса  
Он күн дем алады  
Курортник деп атаған  
Сол кезден – ақ бұл баланы  
Тамақтан тарықпайтын  
Жатудан жалықпайтын  
Аузына тығындағаны әрі өтпей  
Езуінен сорғалайтын  
Тұр десен тұра алмай,

## Вленгтен өрілген өтпір

Бөшке секілді домалайтын  
Аяғы бүтін,  
Демейсің мұның кем қолы.  
Халқына пайдасы жоқ,  
Бүгінгінің жемқоры.

Ұрпақ берсең қазақقا,  
Жастай өзін баптасын.  
Ері болып әр қашан,  
Ел үмітін ақтасын.  
Әлгіндей жалқаулардан  
Құдай бізді сақтасын!

## ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛЫМ!

Қош келдің, айналайын Жаңа Жылым,  
Өзіңе арналады жаңа жырым.  
Жаршысын сағынғандай жақсылықтың,  
Асыға күтуде елім, таппай тыным.

Кел, Жаңа Жыл, төріме төрлет менің,  
Жөн болар әлемді әнмен тербеткенің.  
Құт қонған қазағымды қырандайын,  
Құптаймын биқтерге өрлеткенін.

Келдің бе, Жаңа Жылым, тауық болып,  
Қуансын халқым саған көнілі толып.  
Әр ауылдың ажарын аша түсіп,  
Әр отауға түстенсін қыдыр қонып.

## Әзбек Сабырұлы

Жем шашайын кеп калған Тауығыма,  
Ортақ болғай ойын-той, сауығыма.  
Гүл жайнатып көктемде қырларыма,  
Жаз жерімді қарық қыл жауыныңа.

Он екі айың қаз қатар тізілгесін,  
Мейлін қысың, көктем, жаз, күзің келсін.  
Ана әлді есітіліп әрбір үйден,  
Жас сәбидің күлкісі үзілмесін.

Куанышқа қандырып құрышымды,  
Жалғайын алға басқан ұлы ісімді.  
Тәуелсіз егеменді елдігіме,  
Ала кел бақ-береке, ырысынды!



## Өлеңтөн өрілген өмір

---

### АРНАУ

Көңілдің бүгінгі күн тасығаны,  
Бірге тұр жұрт көтеріп қасымдағы.  
Баршаңа құтты болсын ағайындар,  
Өнердің ақ отауы ашылғаны.

Бұл отау әуел баста алып еді  
Таланттын сен арқылы танып еді  
Нарықтың қыспағына шыдай алмай,  
Жетімек баладай боп қалып еді.

Халықтың қуанышы жыр қаламы,  
Тоқтаса, қолдан келер бар ма амалы?  
Басшысы «Сенімімнің» Зәпкен аға  
Қуантты бәрімізді қолға алғаны.

Ел едік қадірлекен қолда барды  
Демеймін ердің ісі жолда қалды  
Басы мен қасында боп сол ағамыз  
Күрделі жөндеу жасап, жандандырды.

Шығар деп арамыздан ең бір мықтым,  
Бұл күнді өздеріндей мен де күттім.  
Өнердің ақ отауы қайта оралды,  
Шешіліп ен түйіні жетімдіктің.

## Әзбек Сабырұлы

Елдегі ұлың анау, қызың мына  
Өнердің түссін сүрлеу ұзынына  
Шөлдеген жұртшылықты осы күні  
Айызын қандырысЫншы қызығына

Ауылдақа қайта-қайта айта алам,  
Ән мен күйің қалықтасын қайтадан.  
Күміс кулкің ішін кернеп жатса егер,  
Тілеулес боп, сонда ғана жай табам.

Қаншама адам қуанышқа жиылды  
Өз несібен қайта өзіңе бүйірды  
Еркебұлан әкімімнің қолынан  
Тұсаукесер лентасы да қылды.

Ал жастарым, өзінді енді баптаңдар,  
Ұлы үйінді тек өнермен актаңдар.  
Көздеріңнің қарасындай қадірлеп,  
Бір ғасырга жететіндей сактаңдар.

Бақыт қой, көңілдердің тасығаны,  
Қуаныш мойындарға асылғаны,  
Құт болып, ұзағынан сүйіндірсін,  
Ордасы өнерінің ашылғаны.

**ТЕМІРБОЛАТ БОЖАНҰЛЫНЫҢ  
50 ЖАСҚА ТОЛҒАНЫ**

Жаңа жылмен жарысып,  
Оттай лаулап жаныпсың  
Өнеріңмен өмірде  
Талай топты жарыпсың!  
Бой аласа болғанмен  
Өнеріңмен алыпсың  
Құрты үшін құрбан болған  
Қармаққа түскен балықсың  
Қазы – қарта жесең де  
Семірмей біраз арыпсың  
Өмірдің ұлы жолында  
Өшпейтін іздер салыпсың  
Нашақорлық жауым деп  
«Спидкеде» барыпсың  
Сый-құрметке солардан  
Дефицит нәрсе алыпсың  
Сөйтіп жүрген Тимкаждан  
Ердің жасы елуге  
Сен де келіп қалыпсың!

Құтты болсын бүгінгі,  
Елуге келген белесің!  
Екі аяқты нық басып,  
Бозжорғадай желесің.  
Жамандықтан жиреніп,

## Өзбек Сабырұлы

Жақсылықты тересің  
Бір аллаға сиынып  
Талай қызық көресің!  
Сиынбасаң тәнірге  
Боқ басында өлерсің  
Өнеріңнен өмірде  
Шәкіртке білім бересің  
Арқасында өнердің  
Сыйлы бол келесің  
«Аққуға» да бірер сәт  
Көңілінді бөлерсің  
Бір гасырбек туармед  
Сыйпай қойсан денесін  
Қыз құтырса қырықта  
Дегенине көнерсің  
Ер құтырса солардың  
Елуде ұrap енесін  
Елуге келіп отырсан  
Айтқаныма сенесің

Қазақты емес Өзбекті  
Өзгеден жақсы көрдің бе  
Қалаға кетіп сол үшін  
Сыра да алып келдің бе  
Сыйлысы бол халқымның  
Алғысын ап жүр елдің де  
Шипасы тисін өзіңе  
Торқалы тұған жердің де

## Өлеңгінен өрілген өмір \_\_\_\_\_

«Ақкуым» деп айтқанда!  
Бал тамып тұрсын ернінде  
Самалы желпіп өтседе  
Сыйқыры болар желдің де  
Көрінбейтін терінде  
Керегің жатыр белінде  
Нәпсісі нығыз болады  
Елуге келген ердінде!

Жұртыңа айтып расынды,  
Өнермен өрлет тасынды  
Ақкумен жүзіп айдында  
Кере бер қара қасынды  
Көктемде көбейтіп балапан  
Басшыдай ұста басынды  
Божаннан туған ұрпақ ең  
Әкеңнен асыр жасынды  
Қызыққа келе берейік  
Құрметтеп дәмді асынды.



Бата  
НҰРТАЕВ  
ТЕМІРБОЛАТ БОЖАНҰЛЫНА  
АРНАЛҒАН

Берейін бата өзіңе,  
Отырғам жоқ бал ашып.  
Өмір теңіз жүзе бер  
Ақкуыңмен жарысып  
Өнеріне тәнті боп  
Шәкіртің жүрсін таласып  
Оныңды және сыйласын  
Ауданында қарасып.  
Өнерің өрге өрлесін  
Астанадан әрі асып  
Еңбегінді елінде,  
Құрметтесін санасып.

Құтты болсын қадамын,  
Таудай болсын талабын.  
Шеберлігің шындалып,  
Үшқыр болсын қаламын

Өсе берсін өркендең,  
Ұл мен қызың – саябақ.  
Қаз бен үйрек, индюкті,  
Өсіре бер бағалап.  
Шебінді де үйіпсін,

## **Өлеңтеген өрілген өтір** \_\_\_\_\_

Әдемілеп маялап.  
Бұл өмірде жүре бер  
Аққуынды аялап.

Арайлап атар таңың болсын  
Болашақ жол данғыл болсын,  
Мектебінде жүре бермей,  
Екі аяққа бірер сәт дамыл болсын.  
Елпілдеген елуден ассандағы,  
Тамырда ойнап тұрар қаның болсын.  
Орта жасқа келсөң де осы күні,  
Қыздарға қырындайтын сәнің болсын,  
Осының бәрі әрине қабыл болсын!

## **АЛПЫСТА МІНГЕНДЕЙСІҢ ҰЛЫ ТАҚҚА**

Темке досыма 60 толу құрметіне

Өнерің шарықтаған алысқа да  
Топ жардың, түсіп талай жарысқа да.  
Көседей келбетіңмен келіп қапсың,  
Ақсақал атанатын алпысқа да,

Жұртшылық таңқалатын қайран қалып,  
Өнерің туындаиды ойдан анық.  
Жүрмісің жылдар ізін жоғалтам деп,  
Ақ шашты қара түске бояп алып.

## Өзбек Сабырұлы

Қаламы құлшынысын құлатпаған  
Бұл Темке –тыңғылықты, тұрақты ағам.  
«Қаскүнем; шапалақтап жіберсем бе?»  
Деп тұрар кейбіреуді ұнатпаған.

Суретті –ең сүйікті іс көреді  
Қолына қалам алса құш келеді  
Мықтаса маскүнем мен шөлмек салып,  
Ұйықтаса қыздар жайлы тұс көреді.

Бақ құсың қонғандай-ақ әсем баққа,  
Алпыста мінгендейсің ұлы таққа  
Қос жүрек менде бар деп қоймайсың-ау  
Согатын Медведев пен Путин жаққа

Жастық шақ өте шыққан кеше ме еді?  
Алпыс жас -бұл адамның есейгені  
Есіңен екі елі де кетпей жүр –ау  
Алғашқы махаббатың Ресейдегі

Қастеев секілді бір дана кенен  
Еңбегің жана берсін сенің де ерең  
Үрпактың қызығына кенеле бер,  
Женгеміз «аққу үнді» Сараменен!

## Өлемнен өрілген өтір \_\_\_\_\_

**АСЛАНГА АРНАУ**

Құда балаға 19 жаста

Көңілім қопарғандай тау мен тасты,  
Ойымды қара бұлттай қайғы басты.  
Сүм ажал арамыздан алып кетті,  
Қайырып қанатынан қайран жасты.

Арманға жетелеумен асыл әнің,  
Жанында жүрген жан ең жақсылардың.  
Алаңсыз алыс кетсең – бала жүрек  
Анасы тез көруге асығатын.

Сағыныш сезімі сәл селдетсе егер,  
Еркелеп, мойнына кеп асылатын.  
Сәйгүлік құлағында сан ойнаған,  
Бір мініп, желсе көңілі басылатын.  
Сейткен жан, қас-қагымда ғайып болдың  
Ақ көңіл, кең пейілді – Асыланым!

Дертіңе қанша шипа іздеуменен,  
Үмітті үлбіреген үзбеген ең.  
Шалғысын шыңdasan да шыдамдықтың  
Қайғысын ала келді күз дегенмен.

Ісіңмен алға аттап ірілендің,  
«Өлген жоқ, ол өлмейді, тірі», - дедім.  
Дің сүйіп, бес намазын оқып жүрген,  
Білімді жастарымның бірі едің.

## Өзбек Сабырұлы

Қалдырган ғұламадай мол мұрасын,  
Жамағат жанын шарпып, шоқ қыласын.  
Мол жүріп, кетсендәғы мәңгілікке  
Жол жүріп, кеткендей – ақ боп тұрасын.

Тәнірден денге саулық, сый алғанда,  
Жаныңа дертің батты – ау, қиналғанда.  
Көпшіл-ең, күә болдық, қоштасарда,  
Дос – құрбың тегіс бәрі жиналғанда.

Асылан, аз ғұмырдың дәмін таттың,  
Өмірден күдер үзбей, үміт арттың.  
Тұлпарын жастық шақтың ертегенде,  
Тізгінін неге Тәнір кейін тарттың.

Рамазан қасиетті айында да ,  
Соғарын білдің бе еken сүм сагаттың.  
Жаның татсын жемісін ен жәннаттың,  
Тәнің жатсын төрінде кен рахаттың.



## Влекчелен өрілген өтір \_\_\_\_\_

**САЛМАҚТЫ БОЛЫП ОЙЫҢЫЗ,  
ҚҰТТЫ БОЛСЫН ТОЙЫҢЫЗ!**

Мухамедияр ағайдың зейнетке шығуына  
арнау.

Жұмсаған ұлы еңбекке тер мен күшін,  
Ағасы ыстықсың- ау біздер үшін.  
Қалтам қалың азamat болсам егер  
Көз тірінде соғар ем Сізге мұсін  
Құтты болсын Пайғамбар жасындағы  
Келіп қалған тал-түсің – алпыс үшін  
Көктем күні көnlінді көкке өрлең,  
Орындалсың арманың, әрбір ісін!

Ұлағатты ұстаздық жолыныңда,  
Абыройлы, беделді болдыңыз да.  
Онан кейін әкімдік қызметінде  
Билік тұрды – ау билетер қолыныңда  
Ел еңсесін көтеріп келе жатып,  
Орта жолда таstadtың сорымызға  
Ес білгелі есепке есің кетіп,  
Қайта ұмтылдың үйренген борыңызға.  
Өнегелі артында ізің қалып,  
Зейнеткерлік жасқа да толдыңыз ба?

Қозғасам ойды Сіз жайлы  
Шындықты жүрек жырлайды  
Тойыңа келген туыстар,

## Өзбек Сабырұлы

Тілекпен ғана тынбайды  
Биін де билеп, ән салып.  
Өнерін Сізге сыйлайды.  
Мінгізер едім машина  
Есіктен әттең, сыймайды  
Құлпырып жүрсөң көктемдей,  
Сағың да ешбір сынбайды  
Халқына жақын болғандар,  
Жамандық әсте қылмайды.  
Казіргі әкім болғандар,  
Тырнағыңда да тұрмайды!

Жаяулап, жолды төтелеп,  
Ауылға келіп ертелеп,  
Тазалық, тәртіп орнаттың,  
«Жатқаның сенің жетер деп»  
Жағалай қиды құртпасаң,  
Боқ сасып ауыл кетер деп.  
Өнерге бейім жастарың  
Өзіне жүрді еркелеп.  
Соларды әр кез дайындал,  
Алға да тарттың жетелеп!

Асыға елге жетуші-ен,  
Дәмді асын татып кетуші –ен.  
Кешігіп қалсаң қайтуға,  
Қонаға жатып кетуші –ен  
Жәй кетпей көше иттерін,

## **Өлемтепен өрілген өтпір**

---

Бір жола атып кетуші –ен  
Ақ тұлпар ерттеп келсөң де,  
Боранда батып кетуші-ен.

Өмірің сәтті болсыншы,  
Жез киіктей жосылған.  
Жанұяң жаздай жайқалсын,  
Келмесін қайғы тосыннан.  
Қайындаі тамыр жая бер,  
Айрылмай ешбір досындан.  
Әуелеп әнің аспанға,  
Естілсін құлқің қосындан.  
Өркендер өссің ұрпағың,  
Табылар әр кез қасындан.  
Жараса бер женгеммен,  
Мәңгілік жар боп қосылған!

## **СОҒЫС ТАҢБАСЫ**

Соғыс деген хабар жетіп түнерген,  
Аттаныпты азаматтың көбі елден.  
Ауылымда бір кісіні көруші ем,  
Бір жақ беті әжептәуір көгерген.

Отыратын бір орында қозғалмай,  
Жұмбағы мол бұл кісіде ой қандай?  
Көз маңайын келістіріп көкпенен  
Әдейілеп біреу бояп қойғандай.

## Өзбек Сабырұлы

Жастық кездің әрбір сәтін тойлаған,  
Қайдан келсін «соғыс» деген ой маған.  
Көрген сайын сол адамға таң қалып,  
Болмысынан осылай деп ойлағам.

Тәубеменен ішілетін таңғы асы,  
Қазіргі ұрпақ-тек солардың жалғасы.  
Кейін білдім: бетіндегі көк дақтар –  
Сұм соғыстың салып берген таңбасы.

Тұрмыс-тірлік, түзеуменен бесігін,  
Әр шаңырақ шаттана ашқан есігін.  
Арғы атадан туыс болып келетін,  
Тәукебай деп атаушы еді есімін!

Халық әр кез қуанышын тойлайтын,  
Құрбы-құрдас әзілдесіп ойнайтын.  
«Неше неміс қырғаныңды айт» десе,  
Сол Тәукебай ештеңе айта қоймайтын.

Мысқыл болса түпке адамның жететін,  
Тәуке ағам тұрып қана кететін.  
«Соның өзі қайбір соғыскөрді», -деп,  
Отырғандар оны мазақ ететін.

Бір басына жетерлік бар ақылы,  
Айту, айтпау-оған өзі хақылы.  
Ұлы Жеңіс қарсаңында мектепке

## Өлеңтөн өрілген өмір

---

Ардагерді арнайылап шақырды.

«Сағындырган туған атамекенім,  
Сені ойласам, сейіледі секемім.  
Сенің үшін құрбан жаным, білсем де,  
Тірі қалу екіталай екенін.

Бойға бітіп өшпенділік, қаталдық ,  
Жауды аямай жастандырып, жайлапдық  
Оқ боратып, алға қадам бастырмай,  
Тойтарыспен бетін әрі қайтардық.

Ер боздақтар ерлігімен танылды,  
Көк түтіннен тынысымыз тарылды.  
Астан-кестен, ысқырған оқ аздай-ақ,  
Дәл қасыма бомба келіп жарылды.

Сол бір сәтте көмек келіп жетіпті,  
Мені өлді деп қасынан да өтіпті.  
Соңғылары сырылымды естіп қап,  
Госпитальға жедел алып кетіпті».

Әңгімесін естіп көңіл тоқ болды,  
Көп кешікпей ол кісі де жоқ болды.  
Өмірінен ерте үзіп әкеткен  
Кеудесінде қалып қойған оқ болды.

## САҒЫНЫП ЖУРМІН ӨЗІНДІ

Кеңейткен осы күні керегемді,  
Сағынам бір көрмесем немеремді.  
Атасына асыға алшақ басып,  
Көп кешікпей ертеңдер келер енді.

Бүгін күнім тезірек батар ма екен  
Ертенгі таң ертерек атар ма екен  
Келген сайын оралып құшагыма  
Дауысынан айналдым «Ата!» деген.

Тірлігімнен тапқандай тұнығымды,  
Арналады өзіңе жырым құнды.  
Шаттығын шаңырағыма шаша келген,  
Қызықтаймын тәп-тәтті қылышынды.

Шуағына бөлейтұғын жанымды,  
Қарсы ала бер арайланған таңынды.  
Дүкен жаққа жетелеген сәттерде,  
Қалтамдағы ақтарамын барымды.

Тас түйнектей танытсам да төзімді,  
Сен келерде жолға тігем көзімді.  
Жанұямды жайқалтып жіберетін,  
Сарғайып, сағынып журмін өзінді.

## Өлеңтөн өрілген өтір

---

Сенсің күнім, немеремнің алғашы,  
Өр көгіме қыран құстай самғашы.  
Көңілімнің кілтін тапқан бүгінде,  
Өмірімнің өрнектелген жалғасы.

## БІЗДІҢ АУЫЛ

Қалада емес, ауылда менің тірлігім,  
Босқа өтпеген ешқашанда бір күнім.  
Ағайын бар, бауырлар бар осында,  
Татулықпен жарастырған бірлігін

Қалың орман, аққайындар маңайы,  
Табиғатпен көрікті ауыл арайы  
Самал желі санамызды сергітіп,  
Көгімізден күн күлімдеп қарайды.

Куаныштың сәтін әр кез тойлаған,  
Өзінді айтсам келмес жаман ой маған  
Бала жастан жалаң аяқ ширығып,  
Асау аттың құлағында ойнағам.

Азайса да ауылдардың қатары,  
(Осынау жэйт жанға қатты батады)  
Біздің ауыл ажарланған арудай,  
Күйі ойнап, әні айтылып жатады.

## Өзбек Сабырұлы

Беу, ауылым, саған эсте табынам,  
Жемісінді көрем әр күн бағыңнан  
Анасына еркелейтін сәбидей,  
Алыс кетсем, мен өзінді сағынам.

Талай-талай қызығыңа батсам да,  
Тоймай жүрмін дәмін қанша татсам да.  
Үйде отырмай, шаңғы байлап аяққа,  
Таза ауада серуендереп бір қайтсам ба?

Нарыққа да төтеп берген тосылмай,  
Мұндағының бәрі маған – досымдай  
Құт – береке ырысы мол бүгінде,  
Біле білсөң, біздің ауыл осындей!

### ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ

Тәуелсіздік –  
жас емендей жасаған,  
Іргең мықты, берік болсың босағаң.  
Алыстап кеткен ата – бабамның,  
Арманы едің аңсаған.

Тәуелсіздік –  
арайлап атқан таңым – ең,  
Сондықтан әркез сүйемін сені жаныммен  
Себебі бізге жетіп – ең туың желбіреп,  
Жастардың қыршын қанымен.

## Өлеңтөн өрілген өтпір \_\_\_\_\_

Тәуелсіздік –

көрсеттің бізге кең жолды,  
Тізгінің ұстап, атына мықтан ер қонды.  
Тек сесі басым кеңестен ұлтым құтылып,  
Еңсесі биік ел болды.

Тәуелсіздік –

Баршаға бақ боп қонып – ең,  
Келмеске кетті кер тартпа күндер сорымен  
Шаттанып әр кез әз халқым жүріп келеді,  
Нұр ағаның нұрлы жолымен.

Тәуелсіздік –

бұл азаттық, еркіндік  
Санамызды улағаннан серпілдік  
Құс қанаты талатұғын қиямда,  
Қырандайын қанат қағып желпіндік

Тауып берген тірлігімнің тұнығын,  
Тәуелсіздік – ұмытылмас ұлы ұғым.  
Өркендей бер, өрістей бер әмәнда,  
Қазағыма құты қонған тұғырым!

## Өзбек Сабырұлы

### ЖАУЫР БОЛҒАН «ЖАҢАҒЫ»

Тіл байлығым – теңіздейін телегей,  
Жүрміз соны кейбір сәтте елемей.  
«Жаңағы» сөз жауыр болып бүгінде,  
Жабысты ғой тілімізге кенедей.

Бой көтерген шөгір шөптей, сорайып,  
Соңғы кезде кетті-ау мұлде молайып.  
«Жаңағымыз» жинақы ойды бұзумен,  
Қайран тілім қалмаса еken қарайып.

Кеп қалғандай қасыма бір ұлт бөтен,  
Жаңағы деп сөз басталса селт етем.  
Тілімізге тікенге ұқсан қадалған,  
Қашан ғана құтыламыз бұл дерттен.

Айтсам дағы ақиқатын шегелеп,  
Кімдер менің шындығымды елемек.  
«Жаңағы» деп, «Жаңағы» деп тұрғандар,  
Намысымды келтіреді керемет.

Ілескенмен көркемделген көшке мен,  
Ана тілдің тазалығын хош көрем.  
Қыстырмалы, қыңыр сөздер жетпесін,  
Бүгінгінің ұрпағына өскелен.

## Өлеңтепен өрілген өтір \_\_\_\_\_

### ЖЫНДЫ БОРАН

Қара бұлт кеп Күн көзін жасқап әрі,  
Кек аспанда көсіліп жастанады.  
Жауған қарын ұршықша билетумен,  
Алай-дүлей бораны басталады.

Желі желіп даланы сәл ақырын,  
Келе-келе кеңейтер тар алқымын.  
Аласұрып бағады бет қаратпай,  
Әкетердей ұшырып үй шатырын.

Ақ түнекке оранып үй мен қорам,  
Көз аштырмай долданар бетер одан.  
Аласұрып баққан соң бақсыдайын,  
Атаныпсың сондықтан жынды боран.

Табиғатқа төтенше ызғар шашып,  
Жынды боран жөнелді белден асып.  
Ақ қарымен қайтадан қалды міне,  
Кеше ғана ашылған жолды басып.

Асаяу теңіз толқынын тасқа ұрғандай,  
Ерегісіп, әдейі қас қылғандай.  
Сұржыландаиды сырғанап сырғымасы,  
Өршеленіп ұлиды аш қасқырдай.

## Өзбек Сабырұлы

Беу, жолаушы, жүрмегей қарға батып,  
Қалған дұрыс үйінде тізгін тартып.  
Күн жылынса құтырар бораныңнан  
Сарышұнақ тымықтау аяз артық.

### АРНАУ

Ауылым – менің киелім  
Өзінді сондай сүйемін  
Маңайың ару – акқайың  
Көк орай шалғын жиегін

Кетпеген әсте бастан құт  
Жазайын жыр қып, дастан қып  
Атыңнан сенің айналдым  
Ауылым менің – Бостандық

Суындаі мөлдір жылғаның  
Арналар саған жырларым  
Себебі сенде өтіпті  
Отыздан астам жылдарым.

Сен емес елдің осалы  
Арманың алдан тосады  
Талайды етті талантты  
Білімнің мықты ошағы

## Өлеңтепен өрілген өтір \_\_\_\_\_

Аппақ ай жуған бетінді  
Қазакы елсің кең тілді  
Өзінде оқып, білім ап  
Төрт ұлым өсіп жетілді.

Қалықтап көкке есімің  
Молайып ырыс, несібің  
Танылдың талай елдерге  
Ауылым – алтын бесігім

Откізген сенде өмірін  
Дарынға толы өнірің  
Осындаі елден кетерде  
Босайды неге көнілім?

Айналған бүгін әніме  
Шырқалар сол ән әлі де  
Жайлауың, далаң, сайың да  
Ыстық қой маған бәрі де.

Сұлудай сымбат сән бердің  
Шабытқа шалқар дем бердің  
Аман бол ізім қалған жер  
«Жантілеу», «Батан», «Бәйгелдім»!

Туғаннан кетсем «өгейге»  
Жолымды біреу бөгей ме?

## Өзбек Сабырұлы

Көзімде жас бар сағынар  
Кептелген тас бар көмейде

Ардақты, асыл мекенім  
Кешікпей сенен кетемін  
Қоштасар сәтім келгенде  
Білемін қызын екенін

Болған соң панам, тірегім,  
Сәттілік саған тіледім.  
Қимасым кетіп қалғандай  
Жыртылды жамау жүргегім

Ешкімге тақпай бекер мін,  
Баратын жерге жетермін.  
Алғысым шексіз аулыма,  
Басымды иіп кетермін.



## ӘҢГІМЕЛЕР

### МӘҢГІ СОР

Менгесер елді мекенінен 4 шақырым жерде ақ сортанға айналып, жайылып жатқан осы алып тұзды көлдің емдік қасиеті өте керемет, әсіресе бел, жамбас, аяқ - қол сырқырамасына, буын ауруларына шипасы мол көрінеді.

Жаздың әбден ысыған шілде айларында емдеушілердің қарасы көбейе бастайды, тіпті Ресейдің түпкір – түпкірінен, өз еліміздің әр аймақтарынан да еліне шипа ізdegендер толассыз келіп жатады.

Ауыл жақ тұсынан сылдырай аққан мөлдір, таза бұлақ сұы – емдеушілерге шөлдерін басып, ас-дәмдеріне пайдаланатын, нағыз керекті сусын.

Көлге іргелес қоныстанған Бексейіт ауылдың ақсақалы Кабдолин Тұрсынай ағамыз емдік қасиетінен басқа жергілікті халыққа кезінде пайдасының зор болғандығы жөнінде де сыр шертті:

-Сонау «актабан шұбырынды» жылдары ашықпаудың амалын ізdegен жұртшылық соның бірден – бір амалын осы көлден тапқан. Ащы кермек татыған осы көлдің тұзы

## Өзбек Сабырұлы

мол араласқан сүйн қазандарға ұзак уақыт қайнатқан, ыдыстарының ортасына тесіктері әдейіленіп істелінген үлкендеу ожау қойылады, әбден бабына келіп қайнатылған аппақ тұздар осы ожауға жабысып, жиналады екен. Ас тұзы ретінде іске асырған жұртшылық талғам етер тамактарына ол-пұлдарына көпестерге айырбас қылған, өлмestің күнін кешкен. Сонымен қатар бұл алып көлдің нақ ортасында шөбі шүйгін кең алқапты аралы да бар. Сол аралға аппаратын өткелді де көбі біле бермейді.

«Асыра сілтеу болмасын, аша-тұяқ қалмасын» деген апшыңды қуырган алапат заманда қайран қазағымыз малынан да, барынан да айрылып жатқанда, сол кездегі ауылымыздың әл-ауқатты, бай адамы – Есенгелдінің Сақауы кәмпескелеуден жалтарып, табын-табын жылқыларын осы аралға әкеп жасырған, және адам түгілі қасқырлар бара алмайтын үлкен қорған, пана болған.

Аштық аузын ашып, ажал белең алып жатқанда Сақау бай жылқы етімен туған-туыстарын, елін асырап, аман алып қалған деседі.

Менгесерді басқаша «Бақайтал» деп те атайды. «Бақайталдан келдің бе?» ,

## Өлеңтөн өрілген өтір

---

«Бақайталда не жаңалық?» десіп үлкендер жағы ылғында бір – бірінен жөн сұрасады.

-Менгесер елі құралғанға дейін сол орын «Бақайтал жайлауы» болатын. Малға өте қолайлышты, шұрайлы кең алқап еді. Жайылымнан шеткегі самсаған шіліктер мен жас талдар жапа-тармағай өсіп тұратын, қойешкілер жапырақтарын өліп-өшіп жетін. Талдары топтасып тұргандықтан, бақайға ұқсас тұбірлері де кездескен соң атаудың өзі осыған байланысты қойылса керек, - деп өз пікірін білдірді тарих пәнінің мұғалімі, зейнеткер ұстаз Есмұқанов Сайлау Көлденұлы. Тағы бір айта кететін жайт, осыдан 17 жыл бұрын атақты жерлес жазушымыз Сәбит Мұқановтың 100 жылдық мерейтойына Алматы қаласынан бір топ жазушыларды бастаған арқалы ақын FaFu Қайырбеков ағамыз келеді.

Алыстан келе жатқан құрметті меймандарға Менгесер көлі маңайында киіз үй тігіліп, жылқы сойылып, ауданымыздың әкімі, жергілікті басшылар, ауыл ақсақалдары жиналып, қарсы алады. Жаздың шілінгір, шуақты күндерінің бірі болғандықтан меймандар тұзды көлге шомылып, емдік балшығына аунап, дәмді қымызыға қанығып, табигатымызға тәнті болып, тамаша күй

## Өзбек Сабырұлы

кешеді. Алдына тартылған астан алып отырған Faфу ағамыз көлден көзін айырмаған қалпы:

-Менгесер деген атау қайдан шыққан, ол қандай мағынаны білдіреді?-деп жергілікті тұрғындарға сұрап қояды.

-Бізге дейінгілерден естуімізше «Міңгескен» деген сөзден шыққан. Ертеректе көлдің маңайында қалың қамыс қаптай өскен. Соның ішінде бірлі –жарым аюлар да болған.

Кешкісін малдарын іздей барған салт аттыға тұтқылдан бас салған аю адамын жарып тастаған. Тіпті шапшаң жылдамдығымен атқа мінгесіп, салт аттыны ерден жұлып алған: Алғашында «аю міңгескен», кейін «міңгескен» деп осы маңай солай аталып жүрді. Біздің білеріміз осы, -дейді ақсақалдардың бірі.

-Ал , менің ойымша Менгесердің түпкі атаяуы – Мәңгісор болуы керек. Міне, емдік қасиеті өте мол, үлкен тұзды көл –жылдар ғасырлар өтсе де ағарған қалпы, мәңгі сортаң кейіпінде жатыр. Осында тұрақтанған орыстың ұлт өкілдері «Мәңгі сорға» тілдері келмей, бұрмалап «Менкесер» деп атап кеткен,-деп ойын түйіндеғен екен Faфу Қайырбеков ағамыз, шынында да Менгесердің түпкі

## **Өлеңтөн өрілген өтпір**

---

атауы ақынның айтқанымен жанасатын секілді.

### **Анықтама – 1**

Мәңгісор, Менгесер – көл, осы селодан 4 километр жерде орналасқан. Теніз деңгейінен 123,4 м биіктікте жатыр. Аумағы 38 км<sup>2</sup>, пішіні доғал тәрізді. Ұзындығы 9,1 км, ал ең енді жері 6,1 км, жағалау сыйығының ұзындығы 25,1 км. Орташа терендігі 0,4 м, ең терең жері 0,6-0,7 м. Су массасының көл. 16,4 млн м<sup>3</sup>. Емен өзенінің ескі аңгарында орналасқан. Жағалары әртүрлі биіктікпен көлбеулікте, батысы биік 10 -15 м, оны жыралар тілімдеген. Көл түбі жайпақ және тұнбалы. Тұнбасы қышқыл жасыл түсті, жағымсыз шірік іісті, оның қалындығы 0,3 м –ден 0,85 метрге жетеді. Тұнбаның жиынтық көл. 11 мың м<sup>3</sup>. Тұнба мен тым минералданған судың емдік қасиеті бар, хлоридтік-магнийлік-натрийлік түрге жатады. Қасиеті жағынан Медвежий көліне (Корған обл.) жақын. 20 – 30 метр терендікте 3,3 – 11,3 г/л минералданған азот-хлоридтік-магний-натрийлік судың үлкен коры табылған.

### **Анықтама – 2**

Мәңгісор, Менгесер – мамлют ауданындағы ауыл. Новомихайловка ауылдық округінің

## Взбек Сабырұлы

орталығы. Аудан орталығы – Мамлют қаласынан оңтүстік – батысқа қарай 65 км жеоде орналасқан. Халқы 952 адам. 1978 – жылға дейін Озерный совхозы болған, ал 1992 жылға дейін «Менкесер» қой шаруашылығы кеңшарының орталығы болды. 1992 жылы кеңшар «Менкесер» ұжымдық кәсіпорын болып құрылды. Кеңшар негізінде 1996 жылы «Мамбеттов және К» және бірнеше шаруа қожалығы құрылған. Ауылда орысша орта мектеп, кітапхана, клуб, фельдшер-акушерлік пункт, сауда орталығы бар. Жер қөлемі – 32500г, оның ішінде 22000 г жері- егістік алқап. 2012 жылы «Ангус» асыл тұқымды 200 бас ірі қара мал әкелінген, қазіргі таңда бірнешеге көбейіп, керектеріне жаратуда.



## ТАБАҚ ТАРТУДЫҢ ТӘРТІБІ

Батырлығы баршамызға аян Бауыржан Момышұлы атамыз қазақтың салт-дәстүрінмен әдет-ғұрпына өте жетік адам болған. Бірде таңғы астан кейін келіні Зейнепке кешке қадірлі қонақтарымен келетінін ескертіп кетеді. Атасының айтқанын айна-қатесіз түсінген келіні базардан семіз қой алдырып, оны сойғызып, мүше мүшеге бөліп, қазанға салып, бабына келтіріп пісіреді.

Кешке сыйлы қонақтарымен келген батыр атамыз дастархан басына жайғасқан соң қойдың майлы мүшелері салынған бастабақты келіні алдарына өзі апарып қояды.

Әңгіме арасында атасына қарап, көнілін бірден аңғарған Зейнеп келіні: «астың дәмін не ашы, не тұщы қылмай, дәмдеп пісіріп ем, япыр-ай, қандай қателік жібердім» деп қалың ойға батады. Жарасымды әңгімелерінен кейін қонақтары тарасқан соң Бауыржан атамыз: -Келін қарғам, асың дәмді болды, оған еш шүбә келтірмеймін. Бірақ осы ас жасауда үлкен төрт қате жібердің.

**Бірінші қатең** –табақты әйел басынмен өзің көтеріп әкелдің. Табақты тек ер адамдар

## **Өзбек Сабырұпсы**

тартады, тіпті олар болмаған жағдайда жасы үлкен аналар ғана атқара алады.

**Екінші қатен** – табаққа салынған қойдың басын төрдегі қонаққа желкесінкөрсетіп жеткіздің. Қой желкесімен емес, тұмсығымен жүреді. Соңдықтан тұмсығын төрге қаратып қойған дұрыс.

**Үшінші қатен** – қойдың маңдайын қасқаламапсың. Маңдайын қасқалау төрт құбылаң тең болсын деген мағынаны білдіреді.

**Төртінші қатен** – тісің қақпай әкелдің. Қойдың тісін қақпай беру- келген қонаққа деген өкпе-назың болса, соны аңгартады. Қонағың қағылмаған тіспен бірден ренішінді біліп, түсіністікке, кешірімге келеді. Алдағы уақытта осыларды ойынан шығарма, -деген екен.

## **БІР АУЫЛДЫҢ ТҮЛЕП ҰШҚАН ЖАСТАРЫ ЕДІК**

Міне, биылғы оку жылының аяқталуына да санаулы күндер қалды. Соңғы қоңыраудың соғылар үні – жас түлектерді үлкен өмірдің белесіне аттандырғалы тұр. Он бір жыл бойын білім нәрімен сусындаған мектеп

## Өлеңтеп өрілген өтпір

---

бітірушілердің бал – бұл жанған жүздерінен қуаныштың нышанын көрудің өзі қандай ғанибет. Ата-ана ретінде оларға тек қана сәттілік тілеймін. Осындайда көнілінді көтеріп, жан – дүниенде жадыратар «мектебім», «қоштасу вальсі», «бала махаббаты» әндерінің орындалуы ғажайып рахат сезімге бөлеп, сонау албырт жастық шағыңа жетелей жөнеледі. Ертеңгі соғылар соңғы қоңыраудың сыңғыры менің де жүргегімді тербетерін білемін, себебі алтын ұяманнан аттанғалы 40 жыл болыпты.

Адамның жасы ұлғайған сайын, артына қарайлап, өткенін еске алуы – қай-қайсысымыздың болмасын ойымыздан орын алып, бойымызда сақталған сырлы дүние. Ұлағатты ұлы ұстаздармен өрімдей жас шәкірттерді көргенінде өткен күндердің еншісінде қалған өз өмірің кинолента тәрізді көз алдыңнан өтіп жатады.

-Шіркін, қайран жастық шақ – ай!

Кезінде ерең еңбектерімен атағы аспандап тұрған, есімі Ленин ауданы (қазіргі Есіл ауданы) түгілі, облыс, республика көлеміне таралып, «Бай еңбек» аталған ауылда туып өстік. Байлышқа мыңғырлаған малымен, өнімі көл-көсір қойларымен, саба-саба тіл үйірген қымыздарымен жетіп еді. Ауылдың

## Өзбек Сабырұлы

нақ ортасында ағаш бөренеден қылыш салынған онжылдық мектебі, жанында интернаты, асханасы, маңайын сәнгे бөлеген жасыл желекті саябагы болатын. Осы білім ордасында өте білікті, өз мамандығының мықты ұстаздары – Ақай Байғожин, Мүкіжан Оразымбетов, Жәкөлай апай, Роза Қалиева, Мәну Бағырамова, Бақытжан Құсайынов, Амантай Газезова, Қошан Қалиевтар еңбек етті.

Олар талай шәкірттердің қанаттарын қатайтып, кең өмірдің биігіне өрлетті. Алашқа атын мәшіүр, арқалы ақынымыз Еслем Зікібаев, ауылымның тумасы, қарымды қаламгер, журналист Бақыт Мұстафин ағаларымыздың осы мектептен дәріс алыш, өмірлерін өлеңмен өрнектеп, шабытты шығармаларымен жарық етіп танылғандығы - баршамыз үшін зор жетістік, үлкен мақтаныш. Біз, мектеп табалдырығын жиырма бір оқушы имене басып, тарыдайғана қалпынызда кіріп едік. Алғашқы ұстазымыз, бастауыш сыныбының мұғалімі – Бағырамова Мәну апайымыз күлімдей қарсы алғаны әлі есімде. Дауысы жұмсақ, әрі ашық, өн бойынан салмақтылығы байқалатын апайымыз мәнерлеп жазуға, қойылған

## Өлеңтөн өрілген өмір

---

сұраққа толыққанды жауап беруге  
машықтандыра бастады.

Әліппедегі әріптерді әп-сәтте танып, оку  
техникасын тез менгеріп әкете алған  
құрбыларым – Оразымбетова Мәрзия,  
Байбосынова Тамаша, Қазиева Зәуреш,  
Кәкенова Бибігүл, ұлдардан – Мұқанов

Төлеген, Темірбеков Әлібек және мен  
бастауыштың озат оқушылар қатарына  
көтерілдік.

Қалғандары да көшімізден қалыспай, алға  
қарай ілгерілей бердік. Балалықтың балғын  
күндері мен айлары білім тереңіне бойлата  
отырып, айшықты іздерін артқа тастаумен  
өтіп жатты.

Бәріміз де өте ұйымшыл, бір – бірімізге  
қамқор болдық. Әр түрлі мәдени іс –  
шаралар, айтулы мерекелер, тіпті туған  
күндеріміз ескерусіз қалмайтын. Тазалыққа  
келсек, соның секторы Қазиева Зәурештің  
алдынан қалтырап өтетінбіз, ол сыпайы,  
салмақты болғанымен баршамыздан  
тазалықпен ұқыптылықты талап ететін.  
Жылдар өте әр пәннің мықтылары, желдей  
есер жүйріктері таныла бастады.

Мен секілді кейбірі әдебиет әлеміне,  
біреулері есеп-қисапқа, тарих қойнауының  
тереңіне бойлай жөнелді. Әсіресі, оку үздігі

## Өзбек Сабырұлы

атанған құрбыларым алдына жан салмайтын,  
қай пәнге болмасын құштарлығы көрініп  
тұратын.

Кейде есепке басымыз қатып,  
қиналатын кездер де кездесіп қалатын.  
Мұндай сәтте дәл алдыңғы жақтағы партада  
отырған, қара торы, көркем құрбым  
Бибігүлге:

- Беу, қара қызы, қара қызы,  
Бермен бізге қараңыз  
Сенсіз мына есепке,  
Келмей жатыр шамамыз, - деп, бір парақ  
қағазды алдына тастай салатынын. Көп  
кешіктірмей Бибігүлден де есп пен бірге :

- Теңеген мені қараға,  
Не дейін мына балаға  
«Аппағым – ау» десеніз,  
Ауызың қисайып қалама?, - деген ұтымды  
жауабы келетін.

Сөйтіп, алтын ұямыздан қанаттанып, бәріміз  
де бір ауылдан түлеп ұштық. Қазіргі таңда  
әрбіріміз еліміздің әр қаласында, ауылды  
мекендерінде жанұямызды жайқалтып жүріп  
жатқан жайымыз бар. Әр жылдағы соғы  
қоңыраудың соғылар сәті жақындаған сайын  
сыныптастарымды қатты сағынғанымды  
сеземін. Өмірден ерте өтіп кеткен дос –  
құрбыларым Темірбеков Әлбек, Мәдиева

## 8ленгін ерілген өтір

---

Бақыт, Бопашева Нұржамалдарды жиі еске аламын. Жалындаң тұрған шақтарында алыстап қала бергендері өте өкінішті-ақ! Бәрін де сағынатындаң жөнім бар, өйткені құрбы – құрдастарымның кейбірін 37 жыл, қалғандарын көрмегелі 20 жылдан астам уақыт өтіпті. Кездейсоқ көрсем танымай қалуым да ғажап емес. Мұндай оқиға өз басымнан өткені де бар.

Оқу бітіргенімізге он жылдай уақыт болған аралығында келіншегім Алма екеуіміз Қарлыға бекетінде автобус күттіп тұрғанбыз. Жанымыздан өтіп бара жатқан су жаңа ГАЗ-53 маркалы машина сәл әрірек барып тоқтап, кабинадан ұзын бойлы орыс жігіті түсіп, бізге қарай беттеді.

Жанымдағы жан-жарым шопырдың мені танып келе жатқанын айтса, «орыстың менде не алмағы бар деп» мен бой бермедім. Жақындаң қалған орыс:

-Ой, басынды ұрайын, танымай тұрсың ба?, -дегендеге «Мәссаған, мына орыс қазақша сейлейді ғой» деп таң қалдым, қасыма тақап келгенде ғана:  
-Ассап, сенсің бе? – деп құшақтай алдым.  
Түрі орыстан аумайтын сыныптастым Ассап

## Өзбек Сабырұлы

Хамзиннің ұлты татар болса да кішкентай бала жасынан бізбен бірге өскен еді.

Әр таңы арайланып ататын ауылым да асыр салып, жарасымды жануяның ұлқыздарындай жайқалып өскен құрбықұрдастарым бүгіндері мәуелі бәйтеректей тамырларын тереңге жайған да шығар. Сәл

ғана бос уақытымда олармен ойша қауышамын, қызықты қылыштарына еріксіз езу тартамын.

Көптен кездеспей жүрген сыныптастарыммен биылғы жаз айларының бірінде туған еліміздің төсінде бас түйістіріп, шіркін, мәре-сәре болсак қой деген аяулы арманымның орындалуына да сенетін секілдімін. Өйткені қолақпандай 40 жылдың ішінде өн бойымызда талай өзгерістердің болғаны анық, сондықтан атаулы мерекеде үнсіз қалуымыз мүмкін емес.

## Өлемтеп өрілген өмір

---

Елімізге осыдан 20 жыл бұрын Американдық Джон –Деер шетелдік комбайны келген еді. Оның егін жинаудағы сапасының өте жоғары, жылдамдығының да шапшаң екендігі, бункеріне 5 тонна астықтың асыра сиуы, оны әп-сәтте түсіруі, ылғалдың да молдығына қарамай жинай беретіндігі жүртшылықты таңқалдыրғаны рас болатын. Не керек, осы комбайындар алғашқы келген кездерінде елде әңгіме де әртүрлі қызықты қауесеттер де күннен-күнге күшейіп, бір-біріне тараپ жатты...

### Бірінші әңгіме

Сол жылдары келісім-шарт бойынша шетелдік су жаңа төрт комбайын күзгі егіс науқанында Есіл бойында орналасқан бір ауылға бара қалады. Елдің іргесіне тоқтай қалған комбайындардың жанынан ат жеккен ақсақал маңайына тоқтай қалады да қызықтап қарап тұрады. Мұны көрген Рустем деген диканшы жігіт амандық-саулыштан кейін, шалды комбайынды жақыннан таныстыруға жанына шакырады. Жағалай әйнекті кабинасына бас сүкқан қария таңданған кейпін жасыра алмай:

## Өзбек Сабырұлы

-Пай, пай! Шынында да керемет екен, керемет! Міне, комбайн деп осыны айт! Енді астымызға уақытында жиналатын болды.

-Балам, бұл тез жүретін техника дейді, шын ба?

-Ия, ата, жолда сағатына 45 км, ал егіс алқабында сағатына 15 шақырым жүреді.

-Ойхой, неткен жүйрік өзі! Бункерінің сыйымдылығы қанша?

-Өзінің нормасы 5 тонна, ал былай 6 тоннаға дейін сия береді, соны небары 45 секунтда түсіреді-деген жігітке таңырқай қараған қария: Мынау тіпті керемет қой, астық ұрлауга таптырмайтын комбайн екен. Керемет! – дейді. Шалдың ойын түсіне қалған кү жігіт те:

-Ата! Мұның компьютер деген пәлесі бар. Сол кім ұрлады, қанша астық алды, соның бәрін жазып алады, - деп айтуы мұн екен, сатыдан түсіп бара жатқан шал да:

-Әдірем қалсын, крмбайындарың балтайт екен, балтайт! – деп ұнатпай қалады.

-Ата, ата! Әлгінде ғана керемет, керемет деп тұр едіңіз гой, енді не боп қалды? – деп сұрайды күлкісі кеп тұрған Рұстем.

-Ақсақал да балаға бұрылып:

## **Өлемтөн өрілген өтір** \_\_\_\_\_

-Андағы үстүкәш (стукач) комбайныңнан өзіміздің кескілеп жатсаң да қыңқ демейтін «Енисейіміз» әлдекайда артық, -деген екен.

### **Екінші әңгіме:**

Менің өзім де алғашқылардың бірі болып осы теміртұлпарды тізгіндең жандардың бірімін. Бірде жұмыстан жануяма келсем үлкен құдағиым ас ішіп отыр екен. Ол кісі де еңбегімнің елеулі болуын тілеп, жаңа техниканың арқасында астықты ысырапсызы жинап, мол табысқа кенелуімді тілге тиек етті. Бірер сәттен соң, естігені есіне түсіп кеткен ол:

-Кұда, сендердің шетелдік комбайныңдарың бөлке-бөлке нан да шығарады дейді, сол өзі рас па? – дегені

Менде сабырлы қалпымды сақтап:

- Иә, рас! «Б» деген нүктесін (кнопкасын) бассаң бәтір нан, «Ж» дегенін бассаң жұқа нан шығарады, - дедім

- Астапыралла, астапыралла! Жел болмаса шөп басы қимылдамайды деген, жұрттың айтқаны шындық болды ғой, олар қазактың нанын қайдан біледі? – деп құдағиым қайран қала, қайта сұрақ қойды.

- Бұл комбайның қазақстанға келген соң, оған өзіміздің компьютердің программасын

## **Өзбек Сабырұлы**

енгізген ғой, сондықтан қандай нанның түрі болсын өндіре береді - дедім сыртыма теуіп тұрған күлкімді көрсетпей.

- Ой, Аллай! Естімеген елде көп, шетелдің де шығармайтыны жоқ, сонда әлгі наңдарды қайда жібереді?

- Кезектесіп келіп тұрған «автолавка» машиналары тиеп алып, қаланың дүкендеріне тасиды, -дедім мен де шімірікпей.

- Ғажап, ғажап-ай! Ендігі жерде қамыр илең, наң пісіріп әуре болмаймыз десеңші,- деп құдагиым таңдайын қағып, таң қалып отырғанда, күлкі қысқан мен даға шығып кеттім...

### **ұшінші әңгіме:**

Қазақ ауылдарының біріне бара қалған «Джон Дир» комбайындарын жергілікті диқаншылар қарсы алды. Су жаңа техниканы айнала таңырқап жүргендердің жүздерінен таңданыс кейіп де көрініп тұр, көкейіндегі сұрақтарын да жаудырып-ақ жатыр. Солардың бірі:

-Жігіттер, техникаларың құтты болсын.

Біздің тағы бір қоятын сұрағымыз-осы комбайындарың егістік алқапта темір –терсек жатса, жалт бұрылып кетеді дейді, сонысы рас па? – деді.

## Өлеңтөн өрілген өтпір \_\_\_\_\_

Сұрағын қызық қөрген Рақымтай деген жігіт те:

-Эрине, қандай темір жатса да оған жоламай, айналып өтеді. Мұның иісшілдігі иттен де керемет! –деді

-Сонда, қалып қойған егістік не болады, - дейді ауыл жігіттері.

Рақымтай да бірден:

-Не болушы еді, комбайын қалдырып кеткен жерді қолдарыңа шалғы алып, өздерің шауып аласындар, сондықтан темір тастамауларың керек!, -деген екен.



---

Өзбек Сабырұлы  
ӘЗІЛ ӘҢГІМЕ

## ШАҒЫРАЙ БИДІҢ АЙТҚАНЫ

Шақырылған қонақ ретінде Шағырай би куанышты бір жиынға барады.

Төрден орын алған ол ауылдың ақсақал-қарасақалдарымен қауқылдасып отырғанда бас табаққа салынған жылқының дәмді еті қойылады. Ет турамақшы болып, жан-жағына жалтақтаған шалға Шағырай би былғары қынабынан шығарып, өткір бәкісін береді.

Ұстараның жүзіндегі лыпып түрған бидің бәкісі қолына тиген шал да шапшаң жылдамдықпен мүшелі еттерді опыр-топыр турап тастайды да, майлыққа сүйкей сала ашық күйінде иесіне қайтарады. Бәкісін қолына алған Шағырай би жарқыраған жүзіне қарап тұрып:

- Қайтейін өткір ұшынды,  
Зая кеткен күшінді,  
Бос келерінді біліп ем,  
Іштей жорып түсімді  
Сенде ауыз жоқтығын,  
Шалың бірден түсінді.  
Жадағай, жайдақ күйінде,  
Өзіме қайта ұсынды  
Бір жапырақ түйресе,

## **Өлемгінен өрілген өтір**

---

Ет жетпес деп ісінді, -деген екен  
Ет турап болған соң бәкіні иесіне жалаң түрде  
бос қайтармайды, табақтағы еттен бір –екі  
түйірін ұшына іліп беру-сый құрметтің  
белгісі екендігін білмеген шалға би қатты  
налыпты.

### **СЫБАҒАСЫН АЛҒАН САРБАЗ**

Бойында аздаған өнері бар, сонысын  
мақтаныш етіп масайрай жөнелетін бір  
сылқым жігіт құлпырған қызғалдақтай қызды  
ауылдарды жағалап, өзіне жар іздейді.  
Кешкілік тағы бір ауылға келіп жетіп,  
шеткепі тұрған үйге аттың басын бұрады.  
Есігін ашып, үйге еніп келгенде айдай әсем,  
күндей күлімдеген, сұлулығы сыртына төгіліп  
тұрған, талдырмаш бойлы бойжеткенді  
көрген жігіттің әбден есі кетеді. Қонағын  
құдайындаі күтетін қазақтың канына сінген  
қасиетімен қыз да жолаушысына дастархан  
жаяды. Дәмді асқа тойынып алған есер жігіт  
қолындағы домбырасының перне қылдарын  
қағып-қағып жіберіп:  
-Серілер секілдіміз біз дегенің,  
Сондықтан қызды ауылға жұз келемін.

## Өзбек Сабырұлы

Өнерім бір басымда толып жатыр,  
Жен болар менен күдер үзбегенің  
Көрікті келбетімді көрген кезде,  
Ғашық бол, құшақ жаяр қыз дегенің  
Солардың ішіндегі таңдағаным,  
Қарындас, сен боларсың іздегенім!-дейді де  
қыздың жауабын білуге құмартады. Жауабын  
ертенге қалдырған бұрымды бойжеткен  
жігіттің жатар орнын басқа бөлмеге салып  
береді. Ертеңіне шай ішуге шақыра барған  
қыз жігіттің әлі ұйқыдан оянбағанын көреді.  
Екі барады жігіт былқ етпейді.

Тұс ауа үшінші рет барған бойжеткен шыдай  
алмай, жігітке естірте:

-Бір келдім, екі келдім, үшке дейін,  
Жақсы жігіт жатама тұске дейін  
Басындағы жастық пен көрпені бер,  
Содан кейін мейлің жат кешке дейін,-дегенде  
ұйқысы ашылып, селт еткен жігіт:  
-Қарындас, бұл не, кешегі айтқаным  
қарымта жауап па? – деп сұрайды.

-Жоқ, бұл саған бергем сыйбағам, қандай жігіт  
екенінді көрдік, жолыңнан қалма! – деген  
екен қыз, сыннан өте алмаған ұйқышыға.





Әкем Сабыр, Анам Мәруәр, қарындасым Наги, інім Қайса



Мен 52 жасқа толған күнде (23VII) ұлдарым Астанаға әдейлеп  
қызыртуға апарған еді. 2012 жыл



Жақсылықтан еш кашпай,  
Тойдан жүрміз коз ашпай



Үлкеніміз Мәрлен мен келінім Эльмира 2012 жыл



Алғашқы, ең ыстық немерем –  
Нұралы Мәрленұлы 3 жас



Кеңейткен осы күні керегемді,  
Бір құшактау қалайын немеремді!



«Мерейлі отбасы» - на қатысу алдында



Інілерім Нұрлыбек пен Қайсарап келінім Сайрангүл, тұған қарындастарым Сагым,  
Багым және келіншегім Алма той әстінде



Олжас & Гулзада үйлену тойы

Сол жактан: жан жарым Алма және қайыибикелерім Гүлнэр мен Жаңыл  
2017 жыл, шілде айы



Дәурен ұлыммен келінім Динара 2017 жыл



Дәурен ұлыммен Динара келінімнің үйлену тойы,  
ага - болелерімен



Сол жақта мен және келіншегім Алма,  
Інім Тұрлыбек пен келінім Ракыш  
Кыз үзату тойында



Елімізге танымал Қарағандылық айтыскер ақын Дидал Қамиевпен бірге.



Белгілі айтыскер ақын Дәулеткөрек Кәпүлымен және жазба ақын Алмас Теміrbаймен



Көкшелік айтыскер ақын Қуаныш Оспановпен



Көз салсам кен колемді терезеге,  
Ойыма келе калар олек неге?...



Фархат ұлымның онердегі сайыска катысы



Қос күрдас - Фархатпен Қуаныштың Наурыздагы айтысы



Фархат пен Санжардың өлөндөрі және айтыста жырлаган өлөндөрі  
мына кітаптарда жарық корді



Республикалық «Айголек» журналының бас редакторы Қымбат апаймен кездесу  
сәті  
«Намысты ұл» атты байқауының жеңімпазы



Аудандақ газеттегі байқаудың жеңімпазы Санжар



Санжар ұлымға айтыс онерінің айла – тәсілдерін  
үйретіп жатқан кезім



Санжардың оку бітіргендегі Гүлнәр тәтесімен тұскен кезі.  
2015 жыл, 25 мамыр



Үлым Санжар, құрбайлары Жансая, Перизат пен  
соңғы соңғырау сәтінде тұскендері, 2015жыл.



Облыстық ақындар айтысындағы жеміспаздарды марапаттая сәті



Салжардың облыс колеміндегі айтystardын  
жеміспазы Жаркын Жұпарханұлымен  
айтысу сәті.



Казакстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған Шал ақын ауданында откен аймактық ақындар айтысы Алғыс хаттың, қалалық ақындар айтысының Дипломының негері Бостандық орта мектебінің 8 сынып оқушысы.



Облыстық ақындар мүшайрасының  
жөнімпаз болғандагы сәті



Сарытомар. Магжан мұражайының алдында. 2012жыл



Әниші агалары Саят және Ердосен суретке түсү сәті



**Жүрсем де асем кала Өскеменде,  
Жетпейді тұған ауыл, оскен елге!**



**Санжардың Өскемен қаласындағы Қапипа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен  
әдебиестінен халықаралық олимпиаданың жөнімпазы атануы**



**Тастамбеков  
Фархат Өзбекұлының  
өлеңдері**



# Фаржат Өзбекұлы

## АНАМА

Пәк анам, ару анам, асыл анам,  
Жүзіңнен тек жылулық шашыраған.  
Ұстаздық ұлағатты ұлы жолда,  
Баланы үйретуден жасымаған.

Көшіне ілесіп ап нүрлұ ағымның,  
Білімін молайта бер жас бағыңың.  
Ертеңгі ұлы ісінді жалғастырар,  
Ұлыңмын, ұланыңмын, үрпағыңмын!

Анашым - дарқан неткен даналығың,  
Бойыма құйылады саналы ұғым.  
Ер жетіп, есерліктен құтылсам да,  
Қалмайды еркелейтін балалығым.

Жырыңа арқау етіп балаң бүгін,  
Толтырар құшағыңа дала гүлін,  
Анашым, тал бойыма ақ сүтіңмен,  
Сіңірген бал ойыма ана тілін!

Кетсем мен білім қуып ел шетіне  
Бір қылау түсірмеспін келбетіне,  
Баршасын аналардың тең көрсем де,  
Еш жан жоқ Сізден асқан жер бетінде!

## БІЗДІҢ АУЫЛ

Ауыл десем:

Ақ шаңқай үй елестер,  
Соның бәрін алып қолды ер істер.

Ауыл десем:

Қыр мен сайы, дөңесі,  
Елестейді сонандайдан белестер.

Ауылда өсіп қызығына тоймагам,  
Бала сезім бал күйіне бойлағам.  
Күннің күні, керегесі кертіліп,  
«Жүдер» деген келменті ғой ой маған.

Әлі нығыз, мығым менің ауылым,  
Әлі көрем қариялар қауымын.  
Сол ауылға тұкте емес бораның,  
Тұкте емес нөсерлеткен жауының

Жатсадағы ауыл жолдан тысқары  
Қын емес нарықтың кеп қысқаны.  
Қындығы қимасындаі боп қалған  
Алтыбақан - көзден бұлбұл ұшқаны.

Болса егер саусақ пенен қолдарда еп,  
Ойын – сауық орны ертең оңар деп.  
Үмітімді әлі де үзбей келемін,  
Көзден ұшқан қайта орнына қонар деп.

## Фархат Өзбекұлы

Тұысым бар, ағайын, мұнда бауыр,  
Селт етпеген соқса да қанша дауыл.  
Тірліктері ойсырап қалсадағы,  
Бірліктерін сактаған біздің ауыл!

### МЕНИҚ ҚАЗАҚСТАНЫМ

Белгісіндей ой мен қыры даламның,  
Қазақстан байтақ жері бабамның.  
Қырдағы гүл, ойдағы тал – бәрі де,  
Ыстық маған құшағындай анамның.

Тұған жерде кіндігім де кесілген,  
Ана тілім шуда жіптей есілген .  
Өренің боп өмір кешсем жырақта,  
Өлгенімше шығармысың есімнен.

Ұланың боп қарамаспын құр көзбен,  
Сен жайында термелетсем жыр сөзбен.  
Алты қанат ақ ордасын орнатып,  
Қыран болып атам - қазақ қыр кезген.

Елестетем сары алтынды күзіңнен,  
Қызыл бидай масағынан сүзілген.  
Толқын тербелеп егістікті, әріде,  
Ақ қайындар арулардай тізілген.

## Өлеңтөн өрілген өмір \_\_\_\_\_

Жас жүрегім сен деп соғар елжіреп,  
Оған куә елдік алған ел тірек.  
Бейбіт өмір белгісі боп әманда,  
Тәуелсіздік туы тұраң желбіреп.

Бауырыңа барлық ұлтты құшқаның,  
Бір анадан туғандай қып ұстадың.  
Бірлігің мен тірлігінді асқақтат,  
Мейірімді менің Қазақстаным!



## Фархат Өзбекұлы

### АСТАНАҒА ТАРТУ

Ой салдырған ұлы Астана маған бір,  
Сарыарқаны саралайды санам бір.  
Астананың шаңырағын көтерді,  
Алтын күннен ұл тудырған заман бұл.

Кіндігінен гүл боп өскен Арқаның,  
Батысым мен шығысымды жалғадың.  
Евразияның жүрегі боп дүрсілдеп,  
Орындағы Алашымның арманын.

Есіл аққан мойының оралып,  
Бәйтерек түр самалыңа таранып.  
Ақша бұлттар сүйіп өтті көркінді,  
Келбетіңе көз тайдағын май қарадық.

Жас жүректің лұпіліндей нұр сепкен,  
Астанамның ажарына не жеткен.  
Шаң тұрганда даңғылдарын тек қана,  
Сарыарқаның самалына үрлеткен.

Бұл Астанам төл ордасы қазақтың,  
Символына айналған соң азаттық.  
Тәуелсіздік туы сенде желбіреп,  
Рауандап бейбітшілік таңы атсын.

## Өлеңтөн өрілген өтір \_\_\_\_\_

Елордамыз біз үшін де еңсели,  
Сәулетінде сұлулықтың өлшемі.  
Алты алаштың маңдайының бағы сен,  
Мәңгілікке мақтан тұтам мен сені.

Еліміздің жүргегі сен соғатын,  
Қайрылмасын қос қырандай қанатың.  
Ажарына шаң тұрмасын ағайын,  
Астанамыз кеңге жайсын қанатын!

## МАҒЖАННЫҢ АРУАҚ ЕЛІНЕ

Ей, Алла,  
Сөздерім жетсін Мағжанға,  
Шыжылдал шындық, шырқырап өткен  
жалғанда.  
Опасыздардың оғынан аман қалғанда,  
Алышар еді,  
Жарысар еді арманға!

Кесіртке ғұмыр  
Құйрығын ғана ұстатқан,  
Құты алмай Кеңестік қиын қыспақтан.  
Ақ парақ жүрек,  
Қаламның ажал сиясы,  
Жыр жазған сайын қояды құрып бір қақпан.

## **Фаржат Өзбекұлы**

Ақындар еді Пайғамбар ізін жалғаған,  
Қазағым қайран санасыздықтан сорлаған.  
Мағжанның жырын шүрдірлеп жатса  
бүлдіршін,  
Байлық емес нағыз бақыт сол маган.

Әктелмей өскен қайыңды түбі құрт жеген,  
Мағжаным бірақ жасай береді ұлтпенен.  
Қазағым емес Мағжаным жатса жұмақта,  
Олдағы маган жаналық емес күтпеген.

Қысымдай сұық көмейден шықса ақпан жыр,  
Құрбан қып жырды о, дүниеге аттандыр,  
Жалғызыраған Мағжанның аруақ еліне,  
Жедел жетсін жұртынан келген хаттар бір.

### **ӨМІРІМ МЕНИҢ ҚЫРЫҚ ГРАДУСТА ҚАЙНАҒАН.**

Такси ұстап барайын десем жұмаққа,  
Жолақысын қымбат сұрайды бірақта.  
Күншығыс жоқ қараңғылық елінде,  
Қалдым содан мәнгілікке тұрақтап.

Иманым менің жүрекке тыққан кір акша,  
Арақтан аян түседі маған бір басқа.  
Сайтан ойға толтырып ап рөмкесін,  
Есігімді күнде келіп жын қақса.

## Өлемнен өрілген өтір

---

Дәретсіз күнде тәбетім менің ашылған,  
Қырық градуста жұтып алуға асығам.  
Өртеніп өңеш, мен-зен болып қиналдым,  
Ақыл-ойым буланып барад басымнан.

Содан соң тұман,  
Білмеймін мына мен кіммін,  
Көз алдымда қояндай орғыр теңбіл күн.  
Жатсам да құлап қара жерде  
Қай жақта  
Мас емеспін  
Мас емеспін деп өзімді сендірдім.

Есімді жисам келеді таң да ағарып,  
Жатыр екем қара күшікке жаланып.  
Алқам-салқам,  
Қалтамда жоқ амиян,  
Соткам да жоқ, қалыппын түгел таланып.

Құмарлық кетпей,  
Сорладым тағы басымнан,  
Қырық градус жұтып алуға асығам.  
Ай, бұлайша арақтың құлы боп өткенше,  
Бөтелкенің шүмегіне қазір асылам.

## Фархат Өзбекұлы

Өмірім осы қырық градуста қайнаған,  
Арақ іш деп қыстаушы еді қай бабам.  
Бұл өмірден өтүге бүгін асықтым,  
Келу үшін келесі өмірге қайтадан.

### ҚҰН ҰЛЫ...

*Қайғыланба соқыр сорлы, шекпе зар,  
Мен – Құн ұлы, көзімде Құн нұры бар.  
Мен келемін, мен келемін, мен келем,  
Құннен туган, Гүннен туган пайғамбар.*

(Магжан Жұмабаев)

Жалғыз тал қауырсының  
Ішінде дауысымның  
Жеті қат көкті жарып өтіп  
Құнменен сүйіскең.  
Мен олмын,  
Ол мен  
Жанарларым түйіскең жалын жүтқан  
нұрыңмен  
Сен – Құн бетінде күллі әлемге  
өлеңмен дұға қылып  
Ғарышты жырыңмен биледің  
Он екі қабырғалы ордалы жүрегімде

## Өлеңтөн өрілген өтір \_\_\_\_\_

Рухыңды рухыммен біріктіріп  
Уақыттың тіліне  
Сәулеңнің нұрына іліктіріп  
Әуеніннің сатысымен сүйредің  
Киелім  
Мен сені сүйемін!!!

Көк бөрі ем қуалап жүрген көкала үйрек  
құсыңды  
Ұяна қондыра алмай қиянданған ғана ұшырдың  
Мендеңі соңғы үмітті мұнмен рухани тілінді  
түсіндім  
Өмір өзі әлдилейді өлең болмысыңды  
Мен алты алашпын айбынсыз бөлінбейтін  
Ал ол жетіншісі көзге көрінбейтін  
Ол – Күннің оты  
Ол – менің отым  
Жеткізбейтін  
Жүгірген сайын биіктейтін  
Сүрінген сайын тереңдейтін

Мұным не  
Не айтқым келеді мұныммен  
Мен – Қазақпын мың өліп, мың тірілген  
Деймін де сәуленің Күн нұрлы  
Сонынан тапыл – тапыл жүгірем  
Шоқ тығып көмейге  
От шығып тілімнен

## Фархат Өзбекұлы

Аналық құрсақтан  
Өлең боп туылған Күн ұлы  
Мен сені сүйемін  
Ғұмырлық үніммен.....

\*\*\*\*\*

Аспаным тұр ажары сіңген айдын – көлмен  
сүйіскен,  
Аққайыңдар иіліп кеп жотасынан иіскең.  
Сол аспан, сол аққайың мен болсам деп  
отырам  
Арманымды айдынға айттып толқыны ұрған  
мүйістен.

Бәрі сұлу бәрі ғашық ғашықтықтан жаралған,  
Бірақ мениң махаббатым ізім – қайым  
жоғалған.  
Бейіш бақтың бір қызының қолын ұстап  
жүріп ем,  
Бармағына татымадым, періштемнің артық  
саналған.

Күте алмадым күтімінді білмеген соң  
періштем,  
Бір қателік, үтірінді қойдың кешіп сен іштен.  
Ғашық болып махаббатпен шарт жасасып  
жатқанда,  
Мәңгі сүйіп, күтушің боп өтүге мен келіскем.

## Өлемтепен өрілген өтір \_\_\_\_\_

Сүйдім бірақ күте алмай дел сал болып  
шықты есім,  
Төзіміңнің тұнығында тамшы суың біткесін.  
Қос тағдырдың құйыла аққан жолын екі  
айырдың,  
Қойдың ба сен кешірілмес қателіктің  
нүктесін.

Кеттің солай мекеніңе қайтіп енді оралmas,  
Ол мекенге жай пенделер қанатсыз бірі бара  
алmas.

Сондықтан да хат жібердім қанатын қаптап  
жырменен,  
Жайымды ұқсан җайылсын ашу, жерге түсіп  
хабарлас.

Тек сені сүйем білесің оны, білесің, жалғыз  
жазығым,  
Жаныңда болмай жабырқатып алдым  
жаныңды сенің нәзігім.  
Көрікі үшін ұнатқам жоқ пері қыздардың  
бірін де,  
Құмарлық үшін татқам жоқ тосса да рахат  
мәзірін.

Аз уақыт рахат арзусыз болса азуыма тіpten  
жүқпайды,

## Фархат Өзбекұлы

Керісінше Саган деген толқыныстарды тізіп жүтпайды.

Өзің ғана керексің маган, керексің маган өмірлік,

Өзгелер мені сүйіп тұрса да шын махабbat шықпайды

Ақку құсын махаббаттың үркітіп кенет алғасын,

Тістеп тектім нөсер көктің ақмаржан толы дорбасын.

Жуып – шайсын қателік пен өкініштің дақтарын,

Маган деген Жаным сенің еш ренішің қалмасын.



## Өлемнен өрілген өтір \_\_\_\_\_

### **СІЗ ҒАШЫҚСЫЗ, АҒА!** (немесе мәңгілік махаббаттың мысалы)

Сіз ғашық болдыңыз,  
Адамнан да сүйкімді,  
Жаннан да сұлу.  
Әлемнің ең көріктісіне  
Әуенниң жетінші нотасындағы,  
Аскардың биігінде жаңғыртқан  
Алты Алаштың сүйіктісіне  
Ешкімнің бағынбайтын ерік – күшіне  
Сіз ғашық болдыңыз  
Мәңгілікке  
Тығылмайтын табыт ішіне.

Сіз ғашықсыз,  
Орманның басына біткен  
бұлтты жапырақтан тамған жасыл мұнға,  
Сіздің махаббатыныздан  
Екі әлем қосылуда.  
Аққайың жүректің алғысынан,  
Кеудеден сәуле ғып жан ұшырған.

Тұн түссе құмартатыныңыз  
Төрт қабыргалы бөлменің ішінде жатып.  
Жұтаң қиял тиегінен  
ағытылған шерлі – бақыт.

## Фархат Өзбекұлы

Сіз оны ойлаған сайын  
Соңыңызға ілеспес уақыт.

Сізді түсінбейтін шығар,  
Пенделер мүмкін әлі  
Еңсөнізді езген құрғыр ой  
құрысын бәрі,  
Бас иген таңның таңы  
ол жаннның нәрі.  
Оның мекені көрікті ой көктеткен,  
Ғасырдың бағы.  
Сіз оны сүюге талпынғанда,  
Ол сүйдіруге ұмтылады.

Топырақта ізі жатқанымен,  
Сана болып самғауға бейім.  
Тұңғиық та тұңғиық емес,  
Шексіздік, шетсіздіктің көкжиегіне жете  
білген  
Тек түйін  
Түйін  
Түйін  
Сіз сүйесіз аға,  
Ғашықсыз поэзияға,  
Ендеше шайырлардың мекені,  
Бұл сенің де үйің!

## Өлеңпен өрілген өмір \_\_\_\_\_

### АСТАНА АСҚАҚТАСЫН АЖАРЫМЕН

Тарайды күннің нұры жер бетіне,  
Арайлы Астананың келбетіне.  
Қарайды адам түгіл орман шулап,  
Сарыарқаның самалына тербетіле.

Нар алаш бұл шаһарды көп тілеген,  
Салынған ғимараттар көк тіреген.  
Ғажайып ғаламат бір сұлұлық бар,  
Көркінді суреттесін өткір өлең.

Астана тірегіндей байтақ елім,  
Әлемге мақтан тұтып айтар елім.  
Татулықпен тереңге тамыр жайған  
Астана жүргіндей Бәйтерегім.

Пирамида ғажайып өң беретін,  
Ақорда ғаламат бір сән беретін.  
Астана табу қызын бір мен үшін,  
Азияда өзіңе тең келетін.

Он жылда Астанамыз тез жетілді,  
Парақтайды тарих сәулетінді.  
Есілдің бұйралаған толқындары,  
Күркіреп әнге қосты келбетінді.

## Фархат Өзбекұлы

Қонақтар әлі талай ағылады,  
Ақ дастарқан Сарыарқада жайылады.  
Мен үшін жүргегімнің төріндесін,  
Сен едің бар алаштың шаңырағы.

Жалын бар рух пenen жастарында,  
Серпілтіп барлығында тастадың ба.  
Көркінді тамашалау үшін әне,  
Бұлттар да сырғымай тұр аспанында.

### СЕН

Арайлы жүзің –  
Күнімдей сұлу,  
Айымдай сұлу,  
Өзіндей ару болмаған.  
Тербеген самал-  
Сұлулық жыры,  
Гүлдердің бірі,  
Талы мен гүлі солмаған.  
Ғашықпын саган,  
Асықпын саган,  
Келсенші маған,  
Аңсан сені толғанам.  
Көзімді жұмсам –  
Көремін сені,  
Қинайды мені,

## Өлеңтепен өрілген өтпір \_\_\_\_\_

Жүректі сезім, түйрекен.  
Айдынды аққу,  
Ақкуды аспан,  
Аспанды Күн,  
Күнімді түн билеген.  
Тәнімді жүрек,  
Жүректі сезім,  
Сезімді өзің,  
Өзгені сенен сүймеген.



---

## Фархат Өзбекұлы

### АСТАНА

Бүгіндер білім барда терендерген,  
Жастарымыз жақсылыққа елеңдерген.  
Еңсөлі Елордамды ел алдында,  
Өрнектеп көрейінші өлеңменен.

Қыраны қалықтаған қиян далам,  
Жұртына жұмақ жерден сый арнаған.  
Ездікке еңселерін еш түсірмей,  
Аңсаған ел болуды ұяң бабам.

Менде жоқ айтатұғын ой бөтенгі,  
Бабалар арман тілек, ойы өтелді.  
Төсінде Сарыарқаның сары алтындей,  
Жас қала – Астанамыз бой көтерді.

Тәуелсіз – тәубелі атқан бүгін ақ таң,  
Арайлы Астанамыз құлім қаққан.  
Жұз жылға бергісіз боп он жылда орнап,  
Бар әлем бір өзінді еткен мақтан.

Сұлулық сымбатымен қылған ғашық,  
Талайлар келбетінді көруге асық.  
Күн санап көркеюде Астанамыз,  
Елбасы асқақ ойы іске де асып.

## Өлеңтепен өрілген өмір \_\_\_\_\_

Асылық арманың бар алда қандай,  
Санамды сиқыр сезім арбағандай.  
Үш жүздің билері де биігімнен,  
Үлтyna ұлағат сөз арнағандай!

Айналған символына ең керекті,  
Күн құшып көркемдігін Ай да елепті.  
Көрген жоқ әлем әлі дәл осындай,  
Тамырын терең жайған «Бәйтеректі».

Қонғандай аққу келіп көл бетіне,  
Көз талмай қарай берем келбетінде.  
Әмірде тең келердей бір өзіңе,  
Қала жоқ, сірә, сендей жер бетінде.

Демеймін жақсылықтан қалыс қалдың,  
Ұнады ұлы елдермен жарысқаның.  
Астасып аспаныңмен зәулім үйлер,  
Ғажайып жылдамдықпен ғарыштадың.

Аралай қалсанқ, шіркін, «Думан» ішін,  
Тамаша тартымдылық сыйын түсін.  
Судағы жәндіктерді көру таңсық,  
Мұхиттан шалғайдығы халық үшін.

## Фархат Өзбекұлы

Астанам – адамзаттың асыл ойы,  
Бас қалам – биіктеуде күнде бойы.  
Астанам – жас келіннің беташары,  
Жас қалам – сәбілердің «бесік тойы».

Тәуелсіз еліміздің бастамасы,  
Белгілі тәубеліктен тастамасы.  
Төрлеткен бақ пен ырыс ен төріне,  
Астана – бар қазақтың бас қаласы.

## ҚАРАША ҮЙІ МҰҚАҢНЫҢ

*Тұзу – тұзу тілінген таспадайын,  
Қамиши өремін таспадан басқадайын.  
Қаламасаң қамишымды аулақ жүргін.  
Қараша үйдің есігін ашпа, ағайын!*  
**(М. Мақатаев)**

Қараша үй –  
Қара өлеңі Мұқанның,  
Тұндігінен сығалаған сынар мұн.  
Аққу жырым ай астында туғанда,  
Қонағың боп қараша үйге сұрандым.  
Қараша үй –  
Қара өлеңі Мұқанның.  
Асыл жырдың көрінгенде арайы,  
Ақын ұлдың тер төгеді самайы.  
Рұқсат етші қараша үйге барайн.

## Өлеңтөн өрілген өмір \_\_\_\_\_

Жыр кітабым болмаса да, ағайын  
Қымыз ішіп қонағы бол жатындар,  
Шындық айтып шырылдаған ақындар.  
Қара өлеңнің қазанында қайнаған,  
Қасиетті қара қара өлеңнен татындар.  
Аққу жырын аттандырып көк белге,  
Қарсы алсын деп үрпақтарым көктемде.  
Қанатты жыр қайтып елге оралды,  
Мұқаң ақын бұл өмірден өткенде.  
Қарасаздың жыр жаңғыртып тасында,  
Жетімкөлің жетім жатыр расында.  
Қара өлеңнің қараша үйі тұрганмен,  
Өзің жоқсың ошағының басында.  
Қараша үйі,  
Қара өлеңі Мұқаңның,  
Босағанда сығалаумен тұрамын.  
(Өткені мен ғашық болған шығармын,)  
Қара өлеңге қасиетті құмармын.  
...Жыр жүлдізын жандырып,  
Босағанда бұл өлеңді шығардым.



---

Фархат Өзбекұлы

**«ЖАУЫР БОЛҒАН ТАҚЫРЫП...»**

Қазағымның бос келеді тақымы,  
Көзсіз шыбын көзге кірер ақыры,  
Ана тілді тірілтпекке тырыссак  
Дейді біреу «Жауыр болған тақырып».  
Қан жылады ақ паракқа қаламым,  
Томағасын сыйырып ап заманның,  
Орақ тілмен басын орып түсер ем,  
«Жауыр болған тақырып» дер адамның.  
Шыныменен ақыра алмай арыстан,  
Жаңылдырып бағзы арна – ағыстан.  
Үнсіз уақыт ұры шықтың, амал не,  
Қазағымды жүрдай қылып намыстан.  
Аттандырып ана тілін жауыр тіл,  
Өз кіндігін өзі кесіп бауыр тұр.  
Болашақтан үмітінді үздің бе –  
Тілді ойлап жүргегінді ауыртып.  
Осылайша, тіл күрмеліп ұшындық,  
Бір тарының қауызына қысылдық.  
Тексіздердің қеудесінің оты жоқ,  
Тіл байрағын тік ұстамай түсірдік.  
Ана тілдің тартылмасын бұлағы,  
Ана тіл ғой ұлттымыздың тұрағы.  
Тілімізді қадірлейік бәріміз,  
Ұлттымыздың қанат қақсын қыраны!

## Өлеңтөн өрілгөн өтпір \_\_\_\_\_ **БҮЛ, ФУТБОЛ!!!**

Уайым, өкініш, қуаныш  
Біз – футболист!  
Доп соңынан қуамыз.  
Оң қаптал,  
Сол қаптал,  
Шабуылға шықтық біз,  
Ал қане,  
Жанкүйелер шулаңыз!

Гол!  
Гол!  
Гол!  
Эмоция мол!  
Айғайла аrena!  
Бұл футбол!

Бір біріне қарап тұрган қақпалар,  
Бір қақпадан бір футболшы бақ табар.  
Екі аяқтың арқасында гол соқса (!)  
Фанаттары командамен мақтанар.

Қауіпті сәт...  
Оқтай ұшып доп келед,  
Шабуылшы тоғыздыққа тепкен ед.  
Ал қақпаши ұшып барып қайтарды,  
Өйткені бұл Оливердің мектебі ед.

---

## Фархат Өзбекұлы

Бірде оффсайт.  
Бірде фол.  
Бәсеке мол, Бұл футбол!

Месси мерген тепкен доп,  
Әлемді айналып кеткен доп.  
Жер жүзінде футболдың,  
Фанаттары неткен көп.

Гол!  
Гол!  
Гол!  
Спорттың  
Көкесі сол.  
Оле, футбол!

## АҚЫН ӨТКЕН ҚАРАТЫП ТАЛАЙ МЫҢДЫ

Саралы сез жырымен өте құнды,  
Ақын өткен қаратып талай мыңды.  
Қазағымды танытқан бар әлемге,  
Мақтан тұтам, ардақтап Абайымды.

Заманында ақынды елепті кім?  
Ұрпағыңа орының бөлек бүгін.

## Өлемтепен өрілген өмір \_\_\_\_\_

Ақыл – оймен айтқанға айып па екен  
Ғылым, білім үйрену керектігін?!

Надандықтың налыған күйігіне,  
Өсек, ұрлық – өмірдің күйі міне.  
Еріншек боп бекерге малды шашқан,  
Көтермеген қазакты биігіне.

Ұла Абайды оқысам термелеп бір,  
Шың басына шықпаспын өрмелеп күр.  
Саналы бас, ойыңа білім жинап,  
Өнегелі өмірге өрле деп тұр.

Абай дана, данышпан, кеменгерім,  
Саған жоқ қой бұл таңда тең келерім,  
Сөзіңменен шаттықты ғұмыр кешіп,  
Өзіңменен бақытты елім менің.

Саралы сөз жырымен өте күнды,  
Ақын өткен қаратып талай мыңды.  
Қазағымды танытқан бар әлемге,  
Мақтан тұтам, ардақты Абайымды.



# **Фархат Өзбекұлы**

## **МАҒЖАНҒА**

Орнатам деп ен өнерін ғажаптың,  
Тартып өткен тауқыметін азаптың.  
Алты алаштың мандайына сыймаған,  
Мағжан бүгін – күн шуағы қазақтың!

Жырын жаттап, шығармаған санамнан,  
Қалай ғана қапы қалдық бабамнан.  
Мағжан сөзі бозторғайдай шырылдал,  
Мағжан үні естіледі даламнан.

Алаш үшін білімге жол ашқаны,  
Бұл да оның беделінің асқаны.  
Орын алған бар жүректің төрінен,  
Бастамасы «Батыр Баян» дастаны.

Қаймықпастан заманынан қорқытқан,  
Ұлттымыздың тағдыры еді толқытқан.  
Ұстаздықтың жолында да ұлы ақын,  
Сөз зергері Сәбитті де оқытқан.

Заманында танып білмес кімді – кім,  
Серпе аштың надандықтың түндігін.  
Алашыңа танымалсын сен бүгін,  
Сасық көлде кесілсе де кіндігің.

## Өлеңтөн өріпген өтпір

---

Ер екенсін,  
Көрсетпеген сұлбанды,  
Сен екенсің тағдырыңмен тұлғалы.  
Куантады ку мен ездің алдында,  
Адалдық пен арың биік түрғаны.

Сол үшінде сүйіп өтем өзінді,  
Сары арқада құп алуда сөзінді.  
Қаталдыққа қаһарланып тұра алған.  
Неткен жансың қайсар мінез төзімді.

Өлеңінде өткенге ызғар есек бар,  
Көркем жырын керегіңше көсеп ал.  
Ардақты ақын атын эсте айғақтар,  
Мәрмәр мұсін ескерткіш бар, көше бар.

Отседағы жымыскы жыл отты күн  
Жасындей жыр білдірмей тұр жоқтығын.  
Магжан атың – әйгіленіп әлемге,  
Күннен күнге биіктеуде шоқтығың.

Халқың аман туысың бар, руың бар  
Есіміңмен талай сәби туылар  
Егеменді аңсап келген елінде  
Желбіреген тәуелсіздік туың бар.

# Фархат Өзбекұлы

## АУДАРМАЛАР

### The Show Must Go On

Кеңістік бос – өмірдің мәні неде?  
Орындар босаса да – нәтижесіз деме...  
Алға! Алға!  
Кім біледі, жоқты іздеп жүрміз, неге?

Жаңа қаһарман – қылмыс толы жаһаннан  
Өмір ойын, пейіш пе әлде жаһаннам?  
Кәне қайсың бар төзе алатын  
Шоу жалғасу керек,  
Шоу жалғасу керек! Иә!  
Алқынып жатса да жүрек,  
Опа-далаптанып түлеп  
Сонда да жүзімде күлкі жүрет

Не болса да – тағдыр тәлкегіне салам  
Жүрек сыздаса – жаңа сәтсіз роман  
Алға! Алға!  
Өмірді не үшін берді саған.  
Сабак ал қателіктерінен  
Ашулансам сабама келем

## Өлеңтөн өрілген өтпір \_\_\_\_\_

Шұғыл бұрылыс, көңілім елең  
Күншығыс күлім қақса да

Бұл жақта қараңғы,  
Жаным қиналса да еркіндікке жетермін.  
Сенем!

Көбелек түстес, жүрсем де паң күліп,  
Кешегінің ертегілері өшпейді мәңгілік!  
Мен қалықтай аламын, достар!

Шоу жалғасу керек!  
Шоу жалғасу керек! Иә!  
Мен күліп қарсы алам,  
Бұл шоуда қалжырап, шаршағам  
Бірақта берілмеймін, тағы да ән салам!

Құдіретім жеткен жерден  
Бір түлеп биікке жетем  
Шоу жалғасу үшін  
Шоу жалғасу үшін  
Күш-қуат керек екен  
Шоу жалғасу керек!

## **Фархат Өзбекұлы**

### **YOU'LL NEVER WALK ALONE**

**(қазақша аударма)**

Дауылға қарсы жүргенде,  
Басынды ұста биік.  
Қорықпағайсың түнектен.  
Сол дауыл бітер жерде,  
Алтын аспан тұрады сүйіп.  
Бозторғай үні шырқап жүректе.

Дауылға да,  
Жауынға да қарамай.  
Арманың алдамшы болса да,  
Тек тосылып қалма.  
Самға. Самға.

Дауылға қарсы жүргенде,  
Басынды ұста биік.  
Қорықпағайсың түнектен.  
Сол дауыл бітер жерде,  
Алтын аспан тұрады сүйіп.  
Бозторғай үні шырқап жүректе.

Дауылға да,  
Жауынға да қарамай.  
Арманың алдамшы болса да,  
Тек тосылып қалма.  
Самға. Самға үмітпен.  
Үмітің өшпесе жүректе,

## **Өлеңтепен өрілген өтір \_\_\_\_\_**

Жалғызысырай қоймассың тірлікте.

Ешқашан жалғыз болмайсың,

Ешқашан жалғыз қалмайсың!

### **BON JOVI - IT'S MY LIFE**

Бұл әнім арналады жүрекжүтқандарға  
Рухын жықпай, өмір мәнін ұққандарға  
Өзімді көптің бірі санамаймын  
Құлақтарыңды түріндер ей адамдар  
Бар дауысыммен айғайлаймын:

Бұл менің өмірім!  
Санаулы бес күнде  
Берілмеймін ешкімге!  
Жүргім тоқтағанша  
Бұл менің өмірім  
Түн артынан күн келсе  
Өмір жолыңды күнде өлше  
Тәнім жер қойнына кіргенше  
Бұл менің өмірім!

Онайлықпен берілмейтіндерге арнадым  
Өл-тірілсе де орындаі білетін арманын  
Өмір шындаі береді төзе білсең  
Ешқашан шегінбе, тек өзіңе сен!

## Фархат Өзбекұлы

Бұл сенің өмірің!  
Қындықтардан қашпасаң,  
Дәл қазір немесе ешқашан!  
Жүргің тоқтағанша,  
Бұл сенің өмірің!  
Бұйырса ұзақ жасайсың,  
Әр кірпішінді өзің қашайсың  
Тәнінді жерге тапсырғанша  
Бұл сенің өмірің!

Арынды ешқашан кірлетпе,  
Бұл әлем аядай жүректе!

Бұл менің өмірім!  
Санаулы бес күнде  
Берілмеймін ешкімге!  
Жүргім тоқтағанша  
Бұл менің өмірім  
Түн артынан күн келсе  
Өмір жолынды күнде өлше  
Тәнім жер қойнына кіргенше  
Бұл менің өмірім!

## Әлемнен өрілген өтір \_\_\_\_\_

**SHAH RUKH KHAN - Janam Janam**  
( Dilwale саундтрек, аударма )

Жаным Жаным Жаным  
Махаббат әлемі  
Нәзік соққан жүрек  
сезімнің дәлелі  
Періште мекенсің  
Мен үшін жарапған  
Ең сұлу ең көркем  
Теңдесіз Ғажайып  
Ғарышсың  
Ғаламат әдемі

Саған ғана саған  
жетуге асықтым  
сен ерекше адам  
ессіз мен ғашықпын  
шын сүйген жүректер  
бір соқсын мәңгілік  
Ең сұлу ең көркем  
Теңдесіз Ғажайып  
Ғарышсың  
Ғаламат әдемі

## Фархат Өзбекұлы

Сен сүрген өмірді  
Беліскім келеді  
Мен үшін жалғызының  
Сүйіктім себебі  
Күн болып шығар  
Бақыттың мекені  
Шаттығым таусылмас  
Ғажайып ертегі

Сен менің әнімсің,  
мен сенің әуенің  
Сен менің бағымсының,  
мен сенің әлемің

Шүкір, шүкір, шүкір,  
Бір сенің барыңа  
Сезім әнін бірге  
Шырқайық тағы да  
Арманым өзінді  
Ету ғой жан жарым  
Ең сұлу ең көркем  
Тенденсіз Ғажайып  
Ғарышсың  
Ғаламат әдемі

## Өлеңтөн өрілген өтір \_\_\_\_\_

**ZAALIMA RAEES  
(Shah Rukh Khan & Mahira Khan)**

Жолында жаным құрбан  
Перштем менің  
Қимаймын сені басқаға  
О Ғашығым, о Ғашығым!

Бағыңа шаттық тұнған  
Пейіште медің  
Қинама мені тек қана  
О Ғашығым, о Ғашығым!

Шүкір аллаға  
Бүкіл ғаламда  
Бір сені ғана  
Сүйем Ғашығым

Сенсің ойымда  
Сен де мойында  
Тек мені ғана  
Сүйші Ғашығым

Ерекше еркем менің  
Жүргегің сенің  
Теңдесіз бұл әлемде  
О Ғашығым, о Ғашығым!

## Фархат Өзбекұлы

Әр кеште іздеймін сені,  
Іздеймін сені  
Сезім оты тереңде  
О Ғашығым, о Ғашығым!

Бұрын сен  
Ең Қолым жетпейтін  
Арман шыңы болып ең

Бүгін мен  
сен бір болайық шын  
Ғашықтардың жолымен

Шүкір аллаға  
Бүкіл ғаламда  
Бір сені ғана  
Сүйем Ғашығым

Сенсің ойымда  
Сен де мойында  
Тек мені ғана  
Сүйші Ғашығым

Жолында жаным құрбан  
Періштем менің  
Аңсаймын күнде сені  
О Ғашығым, о Ғашығым!

## Әлемнен өрілген өтір \_\_\_\_\_

Тағдырым таңып тұрған  
Серігім едің  
Болайық жаным бірге  
О Фашығым, о Фашығым!

### **James Arthur - Impossible**

Есімде маған өткенде  
Абайла деді бір адам  
Махабатқа келгенде  
Көндім!  
Көндім! Алайда сені көргенде  
Қателесіп, қиялдан,  
Әлгі сөзді ұмытып  
Көндім

Солай бәрі бітті  
Айтар сөз жоқ тіпті  
Осылай Сен кеттің жөніңе  
женімпаз бол  
Сол үшін тырыспасаң да  
Сенікі дұрыс қашан да

Айқайла, куәлік етем  
Бітті деп арада бәрі  
Махаббат өткінші екен

## Фаржат Өзбекұлы

Көкжиек еткен тұрағы  
Айтарсың бақытты деп

Өзгені ұннatty деп  
Қалады жылап жүрек  
Менің ұмітімнің бәрі  
Мүмкін емес, Мүмкін емес  
Мүмкін емес, Мүмкін емес

Жоғалтып сүйіктімді  
Кешемін күйік мұнды  
Сенімге селкеу тұсті  
Білем Білем  
Таптым деп іздегенімді  
Өзінмен бұл өмір құнды  
Деп бекер тізіппін мұнды  
Білем Білем

Сонымен бәрі біткенде  
Айтатын сөз жоқ түк менде  
Азаптағаның осымен жетер енді





Сабыр Санжар  
Өзбекұлының өлеңдері



## Санжар Өзбекұлы

### ХОШ КЕЛДІН, ӘЗ-НАУРЫЗ!

Құлақ салып тыңдашы  
Жас жүргім жырлашы  
Хош келдіңіз төрге шық  
Әз-Наурызым жыл басы!

Сыбағамды асайын  
Жырдан шашу шашайын  
Құдамыздай қарсы алып  
Айқара есік ашайын

Бүгін болар той анық  
Бар тіршілік оянып  
Аққайындар арудай  
Сән түзуде боянып

Білім алып, күшейіп  
Біз жетіліп пісейік  
Салтымыздың нұр сыйы-  
Наурыз көже ішейік

Өркендесін даналы ел  
Жас үрпаққа сана бер  
Барыс жылым бақпенен  
Үрысынды ала кел!

## СОҚ ҚОҢЫРАУ, СЫҢҒЫРЛАП!

Кен ашқандай ақ отаудың түндігін  
Куанышқа толы құн – ау тым бүгін.  
Гүл көктемім көкке өрлетші, кәнекей.  
Қоңыраудың соңғы соққан сыйғырын.

Соқ қоңырау, кең даламды тербетіп,  
Қатты соқсан қалар сенің нең кетіп.  
Алтын ұям кеше ғана қарсы алған,  
Түлектерің қалыпты ғой ер жетіп.

Соқшы, соқшы, бебеuletіп барынды,  
Жадыратшы үніңменен жанымды  
Сенің соққан сыйғырыңнан сәт алып  
Талай түлек таланттымен танылды.

Соқ, естілсін бүгін үнің қатты, нық  
Жоқ қой, сұлу сыйғырыңда жат қылық.  
Кияларға қанат қағар кезінде  
Түлектерге тілеп соқшы сәттілік.

Соқ қоңырау, жас бүлдіршін қолынан,  
Оныңдағы тузын айы оңынан.  
Кең өмірге аттанғалы тұрғанды,  
Жіберейік, кешіктірмей жолынан.

## Санжар Өзбекұлы

Шанағынан домбыра күй төккендей,  
Қоңыраулатып аспанда акқу өткендей.  
Өр қаламыз Өскеменде жүрсемде  
Ғажап үнің құлағыма жеткендей.

Әуенімді саналарға бойлатып  
Бар әлемді жатсың, шіркін, тойлатып!  
Күміс даусың алыстағы менің де  
Шабытымды жіберді гой оятып!

### АРДАГЕРЛЕРГЕ

Үрпағына бейбіт күнді сыйлаған,  
Ардагерлер – баршамызға сыйлы адам.  
Жау жendetін ойсырата женғенде,  
Куанышы қеудесіне сыймаған.

Жеңе білген жоңғар менен қалмақты,  
Бабалардың ұлы ерлігін жалғапты.  
Атой салып, ес жидырмай фашистке,  
Бұл жолы да батырлығын аңғартты.

Темір қару, автоматы қолында,  
Жауын жеңді жігерленіп соңында.  
Қаншамасы құрбан болды солардың,  
Жетем деген жеңісінің жолында.

## **Өлемтепен өрілген өмір** \_\_\_\_\_

Соғыс өрті талай ерді жалмапты,  
Женіс жетіп, таңғажайып таң да атты.  
Қан майданнан аман - есен келгеннің,  
Ауылымда біреуі де қалмапты.

Келді міне, келді тағы Женіс күн,  
Ұрпақтары көріп отыр жемісін.  
Тағзым етер ескерткіштің алдында,  
Оралмаған боздақтарға елі үшін.

Озбыр жаудан өз Отанын сактаған,  
Ардагерлер неткен қайсар, мықты адам.  
Солар салған сара жолмен ұрпағы  
Алға қарай баса берсін нық қадам.

### **АНАМА**

Анашым- менің ақылшым  
Өзіме ыстық, жақынсың  
Ұстаздық ұлы жолында  
Көрсеткен құрмет халқым шын

Анашым-алтын арайым  
Сүйсіне саған қараймын  
Қасымда журсен, өзімді  
Бақытты жанға балаймын

## Санжар Өзбекұлы

Анашым-күміс көктемім  
Көктемде гүлдей көктедім  
Күлкіңнен қуат алатын  
Куанышым болсын көп менің

Анашым-бағым, берекем  
Пейілің сондай кең екен  
Көтерсін көңіл күйінді  
Көктемгі төл мерекең!

### МАҚТАНЫШЫ ҚАЗАҚТЫҢ

Сөзге жүйрік, ұлы ойшылым, кемелім,  
Мақтанышы бар қазақтың сен едің.  
Өлеңіңнен өміріме нәр алып,  
Шабыттымды шалқытып-ақ келемін.

Келмесе де ғұлама боп ғарыштан,  
Ұлы Абайым надандықпен алысқан.  
Бұл тірлікте әлі күнге туған жок,  
Қазағымда сенен асқан данышпан.

Келешектің жолын ашқан кеменгер,  
Абай десе барлық әлем елендер.  
Сені сүйіп оқитұғын әр қазақ,  
Дүниенің тылсымына терендер.

## Өлемгін өрілген өтір \_\_\_\_\_

Мол болған соң өз ұлтыңа берерің,  
Биіктеп тұр бүгінгі күн беделің.  
Айтып кеттің кер заманың кезінде,  
Ғылым-білім үйренудің керегін.

Заманыңның сәл ызғары қайтқанмен,  
Нар қазақты нұрлы өмірге тартқан ең.  
Бес нәрседен қашық болып әрқашан,  
Бес нәрсеге асыруды айтқан ең.

Жаттап жыр мен қара сөздің нақылын,  
Өрлей түстім ұлы өнерге ақырын.  
Қалай ғана құрметтемей өтейін,  
Ар-ұждан мен ақылымның ақынын.

Сені оқысам шабыт шалқып тұнғандай,  
Жүрегіме келер шіркін жыр қандай.  
Ескерткішің ел болуды ойла деп,  
Тастағы Абай тебіреніп тұрғандай.

Айнымаған анық басқан қалыптан,  
Сүйсінемін Ана туған алыптан.  
Қадір тұтар қасиетіңен айналдым,  
Нар қазақты бар әлемге танытқан.

## **Санжар Өзбекұлы**

Ұлы Абайым, арлы ақыным, нар тұлғам,  
Өнеріңе сусындауда жан тұнған.  
Бір өзіндей өнегелі болуга,  
Есіміңмен талай сәби, жас туған.

Жүрсектағы бүгіндері сән құрып,  
Ұрпақтарың өзінді жүр ән қылыш.  
Өшпейтүғын артында із қалдырған,  
Ұлы Абайдың өнегесі мәнгілік!

### **ТУҒАН ТІЛІМ ТҮРҒАНДА**

Жыры естілер даламның  
Арайланған нұр таңда  
Үні естілер бабамның  
Туған тілім түрғанда

Сал-серілер сайраған  
Сауық-сайран құрганда  
Біздің заман адамын  
Аузын біреу буган ба?

Өгей етіп, өз тілін  
Өзге тілге кіріптар  
Шұлдірлеген қазақта  
Айтшы қандай бірлік бар?

## ҰЛЫ АБАЙҒА ҰҚСАП БАҚ

Ашып өткен өнердің сарайын кең  
Құмарлана көз тастап қарайын мен.  
Ұлы Абайым- танытқан ұлылығын  
Ақылшым-ең, атар таң, арайым ең.  
Соқтықпалы, соқпақты жерде өсіп,  
Надандықтың алысқан талайымен.  
Нар қазакты әлемге әйгілі еткен  
Ел бақытты бүгінде Абайымен!

Заманыңда көрсөң де не бір күйік  
Жатсадағы күйікті басына үйіп,  
Мыңмен жалғыз алыстың, арпалыстың  
Төмендемей ешқашан рухың биік.  
Жырларыңың түбіне терең бойлап,  
Әлем оқып жатыр ғой шындалп сүйіп.  
Оралымды сөзінді ойға тоқып,  
Үрпағың боп өтейін басымды иіп!

Кеменгерсің – құлашын кеңге жайған  
Сен болмасаң, ұлы өнер келер қайдан?  
Өзіңе ұқсан менің де өз ұлтыма  
Мол болса деп ойлаймын берер пайдам.  
Баптаған соң бабына келтіріп-ак  
Құлагер де шыққан ғой құла тайдан.  
Дәл өзіңдей дананы тудыра алған  
Аса алмай тұр еш қазақ Құнанбайдан!

## **Санжар Өзбекұлы**

Жүрсектағы том-том кітап құшақтап,  
Сөз қадірін кетірмейік ұсақтап.  
Сөйлер болсан, жазар болсан, ей, Қазак!  
Шамаң келсе, Ұлы Абайға ұқсап бақ!

### **ҰЛЫ АБАЙҒА**

Абай!Абай!  
Қазағымның ұлысың  
Ақылыңмен ірісің  
Мақтанышпен айтатын  
Ақындардың жырысың  
Өрге өрлеткен ұлтымның  
Мәңгі сөнбес күнісің  
Қорықпаған сұр заман  
Суырғанда қылышын  
Салмақты ой, сөзімен  
Арттырған елдің ырысын  
Сөйлер болсам сен жайлы  
Кең ашылар тынысым

Абай!Абай  
Сен туыпсың алыптан  
Асыл жанды халықтан  
Өнердің жолын ашыпсың  
Қазағымның бәрі ұққан  
Ұрпағың бар бүгіндер

## Өлеңтепен өрілген өмір \_\_\_\_\_

Әсер алған жарықтан  
Оза туған заманнан  
Ұлы ақыннан айналдым  
Қазақ деген халықты  
Бар әлемге танытқан

## ҰСТАЗЫМ МЕН ҚЫЗДАРҒА

Күлімдеп тұрған Күнсіндер!  
Күлпірып тұрған гүлсіндер  
Біріңіз Ұстаз, қалғаның  
Шәкірті болып жүрсіндер  
Сіздердей нәзік жандардың  
Қадірін әркез білсін ел

Тілектің айтсам дұрысын  
Айналып келер жыл ішін  
Бүгінгі төл мерекең  
Алада келсін ырысын  
Сіздерді көрген кезімде  
Ашылар кеңге тынысым  
Шалқытар шалқар шабытын  
Ақынның шырқар жырысың  
Ұстазсыз-ұнім шықпастай  
Қыздарсыз-күнім құрысын!

## ҰСТАЗДАР АСЫЛ ЖАНДАР ФОЙ

Қадірін оның білеміз  
Ал, қыздармен жарасып  
Ойнап бірге жүреміз  
Білім- теңіз болған соң  
Бір кемеде жүземіз  
Жақындарда жағаға  
Өткенді ойға тіземіз

Гүл көктемің келгенде  
Куанышқа қанындар  
Төл мереке құтты боп  
Баршаңыз оттай жанындар  
Ұстаздарға тілегім  
Шабыт болсын жалындар  
Беу, құрбылар күн сайын  
«бестік» баға алындар  
Жылқы жылды жаңаша  
Әмірге жол салындар  
Қайғы жемей қартаймай  
Жас күйінде қалындар!

## ҰЛЫ ЕЛІН ҰШТАСТЫРҒАН ӘЛЕМІМЕН

Ой қозғап, сергітегін саналарды  
Халықпаз құрметтеген даналарды  
Жылулық нұр таңыма жеткеннен соң  
Ұлылық ұрпағыңа тарапады  
Ғабеңнің кең көлемді шығармасы  
Қазақтың кең даласын аралады  
Тіліне тиек еткен тақырыбы  
Ең асыл-аналарға арналады

Арайлап атқан бүгін жыр таңым бар  
Өзінді сүйіп оқыр ұрпағың бар  
Ғабендей алыптардың арқасында  
Арылдық кер заманнан қылтаны бар  
Әлемді әлдимен тербететін  
Мындаған білімі мол «Ұлпаның» бар

Көркем сөз зергерісің, қаламгерсің  
Өнерің өмірде өшпей қала берсін  
Бесеудің хатында да қолтаңбаң бар  
Қорықпай жазған неткен даналы ерсің  
Сұм заман ызғарынан қаймықпаған  
Ерлігі Ғабендердің дара дерсің

Ел едік қадірлекен қолда барын  
Рухың биік бүгінде, биік арың

## Санжар Өзбекұлы

Қазақтың ен бағына бере салған  
Ғабенің өн бойына қонған дарын  
Ержүрек қаламгерім қайдасың деп  
Елжіреп сені іздеуде Елтінжалың!

Өнермен көтерілер елдің бағы  
Ерлердің таймасыншы мінген тағы  
Жаксының жақсылығын айта білсек  
Әз жұртым содан жакұт тағынады  
Ғабиттің ғибраттарын бойға жинап  
Талайлар ашар елдің бағын әлі  
Бой жетіп, құнгे ұмтылып, сұлу шашқан  
Өзінді «Қыз-қарагай» сағынады

Шаттықтың тербелтілген әуенімен  
Ұлы елін ұштастырған әлемімен  
Жалғасы бол жүрген соң жазушының  
Жырлар жазып көрейін әдемі мен  
Алаш атын аспанға асқақтатқан  
Ел бақытты бүгінде Ғабенімен



Өлеңтөн өрілген өтір \_\_\_\_\_

## МАҒЖАН ЖЫРЫ- МӘҢГІЛІК

Рухы биік бүгінде  
Мағжан ақын киелім  
Сұлулық бар үнінде  
Жырларыңды сүйемін

Ұлы ақын тұған елімде  
Шабытым аттай желеді  
Өзіне ұқсап менің де  
Сұлу жыр жазғым келеді

Не шара тағдыр ісіне  
Айналдың елес пішінге  
Сырыңа сұлу тұнып тұр  
Аққайың сырты, іші де

Келсе де көктем, күз мейлің  
Жырыңдан үміт үзбеймін  
Самалы соқса Арқаның  
Өзінді содан іздеймін

Бүгінгі гажап күнімде  
Ден қойған үрпақ білімге  
Ұлы ақын сенген жастардың  
Бірімін мен де бүгінде

## Санжар Өзбекұлы

Ұлыңа үлгі, пайдаң бар  
Өзіндей ақын қайда бар  
Марқасқа Магжан мақтандыш-  
Туылған күннен пайғамбар

Қысылған сол кез жанынды  
Бойдағы өнер барынды  
Естіді халқым әнінді  
Естіді Ием зарынды

Ел болып, жұртым қуанды  
Көк байрақ қолға ту алды  
Алаштың атын аспанға  
Бір күнде бірақ шығарды

Тәңірім берді тілегін  
Толқыттың елдің жүргегін  
Тәуелсіз елім, алашым  
Тірлікте тапты тірегін

Сарыарқа самал жерінде  
Күмістей айдын көлінде  
Үніңе үлес қосуда  
Үрпағың туған жерінде  
Атынды қосып ән қылып  
Өмірде жүрміз сән құрып  
Біздерге жеткен бүтіндей  
Мағжанның жыры-мәңгілік!

## КӨКТЕМ

Көктем, көктем, неткен көркем  
Күн күлімдеп, нұрын төккен  
Самал желі, беттен өпкен  
Құлпырылып тұр кереметтей  
Менің өлкем!  
Сезімімді серпе ұштар  
Шіркін көңіл саған құштар  
Орман ішін әнге бөлеп  
Сайрап жатыр бұлбұл құстар.  
Ұмытылмас мұндай шақтар  
Ақын бол да жырынды актар  
Көздің жауын алып тұр –ау  
Қырда өскен қызгалдактар  
Гүл-гүл көктем, неткен көркем  
Өзіңе тартар, аймалап беттен  
Жып-жылы жаңбыр, себелеп көктен  
Ойнаймын мен де, көбелекпен!!!



**СОҢҒЫ ҚОНҚЫРАУ.**

Кимастық сәт келді, міне, бүгінгі,  
Тұрмыз біздер бойға жинап білімді.  
Соқ қонқырау сыңғырлата, жаңғыра,  
Естикші соңғы соққан үнінді.

Оқушы едік көктем туса кезі кеп,  
Оку бітсе деп жүретін тезірек.  
Бүгінгі күн қалай бітті деп ойладап,  
Жүргегім түр тебірене елжіреп.

Алтын ұям – аялаған өзімді,  
Сағынармын сендергі өткен кезімді.  
Соңғы қонқырау соғылар сәт жеткенде,  
Кимастықпен қоштасарым сезілді.

Он бір жылдың өлшеп көрсем арасын,  
Бар шәкірттің биіктеттің санасын.  
Көзіме жас көлкілдетіп әкеліп,  
Осыншама ыстық болып баrasың.

Жүрсемдағы ұлы өнерді жандырып,  
Сені бүгін жырлайынши ән қылып.  
Қанат қағып ертеңдері үшармын,  
Бал дәуренім балалықты қалдырып.

## Өлеңтепен өрілген өтір \_\_\_\_\_

Алтын ұям-биік тұрған шоқтығым,  
Талай түлек көнілдерін тоқ қылдың.  
Өзінменен қоштасудың қыын-ай,  
Жан дүнием езілгендей боп тұрмын.

Шындығымды сенен несін жасырам,  
Мерейінді асқақтата асырам.  
Шетте жүріп, ауыл жаққа бет бұрсам,  
Алтын ұям – саған ғана асығам.

Қоңыраудың үні жанды толқытқан,  
Әр үнінде қуаныш бар көп ұтқан.  
Ұстаздарға шексіз менің алғысым,  
Адамзаттың алыбында оқытқан.  
Шәкіртіне жылы жүзбен қараған,  
Айналайын ұстаз деген данадан.  
Ойымызға білім нәрі құйылып,  
Бойымызға жан шуағы тараған.

Ұстаз деген – өмірдегі ұлы адам,  
Ұлағатты әр сөзінді құп алам.  
Сіздерменен қызметтес боп істеген,  
Ұстаз болған Амана да қуанам.

Ұлы өмірдің білем жолы шырғалаң,  
Шырғалаңның қындығын ұға алам.  
Аман жүрсем ауылдың да атағын,  
Бар әлемге паш еткізіп шығарам.

## Санжар Өзбекұлы

### ГҮЛЖАН ТАТЕЙГЕ

Ұстаз деген ұлы есімді арқалап  
Жылды жүзің жанымызға тарқап-ақ  
Зейнет жасқа жеткен кезде бүгіндер  
Куануда ауыл-аймақ, шартарап

Күлімдеп тұр, жүзі оның қарашы  
Өзен болса, біз өзеннің сағасы  
Гүлжан тәтей- ұлағатты ұстазым  
Гүлжан тәтей- бес баланың анасы

Отыз жылдай бізге білім бергелі  
Ол да болса ерен оның еңбегі  
Мақтан етер шәкірттері, ұжымы,  
Тұған-туыс, ағайыны елдегі

Ұстаз жолын өрмектей ғып өріңіз  
Мына бізге үлгі болсын жолыңыз  
Бар бейнетің артта қалып, уа, тәтей!  
Зейнетіңнің тек қызығын көріңіз



## ЖЕНІС ЖОЛЫНДА

«Соғыс! Соғыс!» тәбе шашың тік тұрар  
Бұл соғысты бастап жүрген кім бұлар?  
Адам қанын суша ағызам деп келген  
Әлде олар жарым еспе жын құмар  
Бес әріптен тұратұғын сұық сөз  
Өніменен өтетіндей кімге ұнар  
Өзегінді өртейтұғын мына өртті  
Өршіткенді адам бар ма басқа ұрар

Қорқыныш пен үрей билеп баршаны  
Құлағандай төбесінен аспаны  
Жайбарақат жазы айналды түнекке  
Сары уайым болып санап басқаны  
Тілектерін, тәтті ойларын тас қылып  
Жүректерін шайлықтырып таstadtы

Кім болды еken сүм соғысты қолдаған  
Адам жанын езгідей ғып қорлаған  
Айуанның ақыл емес, санасын  
Қасіреттің қара бұлты торлаған  
Бейбіт елді жемтігіндей көрді ме  
Қанаттарын қара құстай қомдаған  
Адалдыққа арам пышақ сұғатын  
Адам емес, фашист еken оңбаған

## Санжар Өзбекұлы

Құс төгілте әнін салған бақ қалды  
Жас жігерден жайрандаған шақты алды  
Сүм соғысқа Ана атаулы аңырап  
Көкіректен бар лағінетін актарды  
Қаншама жас қаны қайнап тамырда  
Қару алып, қан майданға аттанды.  
Жалындай боп жанған ерлер туыстың  
Көз алдында мәңгілікке сақталды

Алдында жау, көзінде қан ойнаған  
Қанды көрсе қасқырларша тоймаған  
Жолындағы кездескенін жапырып  
Әрбір сәтін ацы сумен тойлаған  
Көп кешікпей істері онға баспады  
Бейбіт елді жоқ қылам деп ойлаған

Шыдай алмай тас жүректер тебіске  
Арам ойы шыға қалып теріске  
Шемішкедей шағылып-ақ жатты олар  
Шегірткедей ұшам деген егіске  
Біздің әскер тізе қоса бірігіп  
Ойсырата соққы берді неміске

## Өлемгөнөрлөгөн өтпір

---

Отан үшін басын тіккен өлімге  
Майдангерлер ұлы ерліктің өрінде  
Қорғай алып қас жауынан өз жерін  
Бейбіт күнді орнатты олар өмірде  
Ардагерді, аталарын ұрпағы  
Көтеруде құдіреттің төріне

### МЕН ЕЛІМДІ ЖӘНЕ ПРЕЗИДЕНТІМДІ МАҚТАН ТҮТАМЫН!

Көк байрақ желбіреген туым барда,  
Кең -байтақ жерім, орман-нуым барда,  
Аққу -қаз айдынында тербетілер,  
Таусылмас өзен-көлім суым барда.  
Кезінде аз қазағым азап көрді,  
Жонғар мен қалмақ сынды қуы барда.  
Қырылды қанша қазақ ақтабанда,  
Алышысын аштық келіп қуырганда.  
Дүшпандар бабалардан сескеніпті,  
Қылышын қынабынан суырганда.  
Арыстай азаматтар кете барды,  
Қуғын мен сүргінге кеп ұрынғанда.  
Аталар атқа қонды Отаным деп,  
Соғыстың беті бері бұрылғанда.  
Жастарың желтоқсанда көтерілді,  
Көнілі көк аттыдан суынғанда.  
Тұғырға тәуелсіздік тұрақтады,  
Жиырма екі жыл толады жуыр манда.

## Санжар Өзбекұлы

Бейбіт күн бесігінде тербетіпті,  
Бақытты мына біздер туылғанда.  
Куанам егемендік алғаным ,  
Сай келген бабалардың талғамына.  
Жетпіс жыл сүйрелеген СССР-дің,  
Куанды ел, оңбай артта қалғанына.  
Себебі, сендеріп еді сан халықты,  
Қолынан келмес істің жалғанына.  
Ырысы ыдырап-ақ кете барды,  
Орақ пен көтерсе де балғаны да.  
Арманы орындалды бабамыздың  
Біткендей тауға тірлік, тасқа қына.  
Қайрат пен Ербол, Нұржан ағаларым  
Ұмтылды әділдіктің асқарына.  
Ерлікпен қыршын ғұмыр қыылды ғой,  
Жете алмай арайланған таңға мына .  
Атпай тұрып тәуелсіздік таңы әлі,  
Алтайымдай ұлаң-ғайыр даланы,  
СССР ойыншық қып шығысты,  
Қатты улады мәңгүрттікпен сананы.  
Семейімде ядролық жарылыс,  
Ашылып-ақ жатты кеңге араны.  
Зардап шегіп зәрлі удан табиғат,  
Тарарап жатты жаңалықтар қаралы.  
Жасқа толып жас баланың жанары,  
Және айырып анасынан баланы.  
Өлім-жітім күннен-күнге көбейіп,  
Қайран жүрек болған кезде жаралы.

## Өлеңтепен өрілген өтпір

---

Қайғы шеккен өз ұлтына, халқына,  
Елбасымыз іс жасады даналы.  
Олжас сынды ақынменен бірігіп,  
Семейдегі полигонды жабады.  
Тәуелсіздік тірлігіме енгелі,  
Жастар еді Елбасымның сенгені.  
Тұтіндері түзу ұша бастады,  
Ағайын мен бауырлардың елдегі.  
Алға басып әр істері, қырандай,  
Биіктеге қанаттарын сермеді.  
Өзін-өзі таныта алған баршаға,  
Қайсар қазақ қайсысынан кем еді?  
Нұр ағамның арқасында ұлтыма,  
Дағдарыстың татымады кермегі.  
Ресей келіп, солтустікті әкетем,  
Дегендерге қарсыласып бермеді.  
Алматыны Ақмолаға көшіріп,  
Аш көздердің арамдығын жерледі.  
Ертегідей Елорданың ертеңін,  
Сарыарқаның самалына тербеді.  
Күн күлімдеп, түнде бетін ай жуған,  
Астанаға басқа қала тең бе еді?!

Биыл, міне, нақ 20 жыл толыпты,  
Елбасымыз енгізгелі теңгені.  
Тұғырыма теңге тұрақтап қалған соң,  
Сап тыылды орыстардың ермегі.  
Көрегендік таныта алған өз ұлын,  
Ұлы халқы «Міне, нағыз ер!» деді.

## Санжар Өзбекұлы

Айналған еліміздің данасына,  
Теңеймін Елбасымды бар асылға.  
Қыын-қыстау кездері шетке кеткен,  
Жинаң жатыр қандастарын қол астына.  
«EXPO - 2017» ұтып алып,  
Өткізбекші Астана қаласында.  
«Қазақстан – 2050» стратегиясы ,  
Енеді жас үрпақтың санаасына.  
Дамыған салалары бар жағынан,  
Енгізбекші отыз ел арасына.

Тәтті жыр кеп тұрганда таңдайыма,  
Қырандай биіктеге самғайында.  
Көл разы- аққу-қазы әнге салған,  
Ел разы - бүгінгі күн жағдайына.  
Елбасы алып шықты қыындықтан,  
Кездесіп қалсақ-тағы қандайына.  
Сәбидің шаттық есіп бал жүзінен,  
Күлкісі естіледі әрдайым да.  
Нұр аға нағыз ер екен гой ,  
Қазақтың тұа біткен маңдайына.  
Айналған әкесіне Астананың,  
Елбасым алатаудай аскаралым.  
Халқын ойлап, елінің қамын жеген,  
Нұр аға қазағынды тастамағың.  
Қазақты таныта алған мына әлемге,  
Нұрсұлтан ағамменен мактанамын!

## ЗАР ЗАМАННЫҢ ШЫНДЫҒЫ

Ұлы Абай даналығы болған себеп,  
Інісі Шәкәрімнің орны бөлек.  
Жасынан ағасынан тәрбие алып,  
Білімді тез меңгерген өте зерек  
Адамын адалдыққа тартамын деп,  
Заманын жүрген екен екшеп – елеп  
Жалқаулық, жатып ішер, ұрда – жықтар,  
Ойласаң осыларың кімге керек?  
«Жастарға» жігер берді жырыменен,  
Алуға ғылым – білім бәрің кел деп.  
Бүгінгі ұрпағы да оқып жатыр,  
Үлгі алар поэмасын «Еңлік – Кебек»

Інісі Тоқтамыстың Кебек аты,  
Туыс тартып, туңілер көрген жаты  
Көзі өткір, кең иықты жігіт екен  
Осындай болып келер батыр заты.  
Үлкенді аға тұтып сыйлай білсе,  
Кішіге кішіпейіл, қолқанаты.  
Қауіптен корықпайтын бұл  
мықтының,

Сауықпен өтіп жатты салтанаты.  
Тұсінген жаманды да жақсыны да,  
Ісінен көрінеді нақ шынында  
Қорғайтын халқын жаудан осы Кебек,  
Бір өзі әрі батыр, тақсыры да

## Санжар Өзбекұлы

Байлардан байлық асып ақтарылса,  
Кедейден байқап жүр-ак тапшыны да  
Сөйлесіп жындарымен болжам айтар  
Барады іздеп Нысан бақсыны да.

Бұл шындығым, емес қой деп мазағым,  
Алға тартты бақсы батыр азабын  
Аз – ақ уақыт ғұмыр ғана кешесің,  
Келер күннің көре де алмай ғажабын  
Жолықпа деп ескертеді пәлеге  
Шаттығынның көргің келсе базарын  
«Пәле» деген бір сұлу қызы өзіңе  
Аудараады ықыласын, назарын  
Жар етемін десен егер оныңды,  
Содан болар мына сенің ажалың.  
Жын –періге әсте Кебек сенбеді,  
Сенгісі де оның мулде келмеді.  
Аңшылыққа әуестеніп, құмартып,  
Бұркіт болды қолында ұстар ермегі  
Алғашқы қар қарашада жауғанда,  
Қыран құсын қашқан аңға сермеді.  
Бір уақытта көтеріліп ак боран,  
Алай – дүлей кең далага өрледі  
Қызыл тулкі қуып жүрген ер Кебек,  
Қайда кетіп қалғанын да білмеді.  
Тұн жарымы болған кездे адасып,  
Бір Матайдың конысына кіреді...  
Азғана жұрт бір үйдегі шамалы,  
Бойжеткенге батыр Кебек қарады

## Өлемтепен өрілген өтір

---

Есімі оның Еңлік болып келетін,  
Жанған оттай жанады екен жанары  
Атастырған жігітін де ұнатпай ,  
Жүрген жанғой жүрегі де жаралы  
Айтқан сайын бар шындықты сол сұлу,  
Кебектің де ашылады араны  
Бар мүмкіндік – қашып кету болған соң,  
Екеуі де сөз байласып қалады.

Кебек кетті Еңлікті алып – қашып,  
Қызыңда деп елі жүр қатты сасып,  
Наймандардың бір қызын жоғалтқанға,  
Тобықты жүр әр күнін қайғы басып,  
Екі жастың орынын айтпаса егер,  
Найман жақтың намысқа беті ашық.  
Не екеуін өлтіріп, не жүртүңниң,  
Жіберем деп судай қып қанын шашып.

Қос ғашық жоғалған мен апта – айлап,  
Тобықтысы ақыры берді байлап  
Атқа байлап өлтірді екеуін де,  
Найманның да шарадай көзі жайнап  
Өлтірген озырыларды ойлағанда,  
Кетеді намыс буып, жыным қайнап  
Қанша Еңлік – Кебектер бұл өмірде,  
Келе жатыр жайқалып, эсте жайлап  
Бейбіт күнге дән разы жастарымыз,  
Білімге де ден қойған, терең бойлап  
Келеді, әне, екі жас, қол ұстасып,  
Сәуірдегі ғашықтар тойын тойлап!

### БАРАСЫҢ ӨРЛЕП, БИКТЕП.

Мағжан атың – ұмытылмас өр есім,  
Жас санамды жырмен тербеп келесің.  
Әр жырларың әнге бөлеп тұрады – ау,  
Кең даламнаң ой мен қырын, белесін.

Болашаққа сенген ақын сен бе едің,  
Сүйіншілеп жеткен әлде жел ме едің  
Заманынан оза туған арда ақын,  
Қанатынды қыран құстай сермедің  
Ой –өрісің қалықтады кеңдікке,  
Татсандағы тар тірліктің кермегін  
Аққайындар арулардай аймалап,  
Сарыарқаның самалына тербелдің.

Сен ыстық от, жырың жалын лаулаған.  
Бар әлемді шарпыды өрттей қаулаған  
Жыр алыбы сендей данам тұрғанда,  
Аласарып кетеді ғой тау маған  
Сенің сұлу, сырлы, жырлы өлеңің,  
Бүгінгі ұрпақ жүректерін жаулаған  
Шабыттансам, балғын ойым жетелер,  
Табиғатқа сиқырымен баураған.

Тылсым тағдыр сені тәлкек қылса да,  
Сағың содан қаншама рет сынса да

## Өлеңтөн өрілген өтір

---

Қорықпадың қаталдықтың бетінен,  
Қылышынан қан сорғалап тұрса да

Беу, ақыным, өнердегі аталым,  
Көбейтем деп көзі ашықтың қатарын  
Өз үлтүнің камын ойлад жүргенде,  
Қалай ғана «халық жауы» атандың

Сендей ақын болған емес осалым,  
Жақұт етіп, жырға өзінді қосамын.  
Егеменді ел болғанда қайран ер.  
Қасіреттің қамытынан босадың

Сен тірегім, қуанышым орасан,  
Жырларыңың әр парагын сан ашам  
Не көрмедің үлтүн үшін ұлы бол,  
Өткен күнге ойлы көзбен қарасам  
Үміт артып, сене білген бүгінгі,  
Жастарыңың бірі болып жарасам.  
Қателесе қоймасым да және анық,  
Бір өзінді ұлы Антейге баласам.

Шарпыса да жас жанынды күйік көп,  
Сол күйігің сөнді басын иіп кеп  
Жалын жырың жүректерге жетумен,  
Ұрпақтарың оқып жатыр сүйіп тек  
Тәубе қылған Тәуелсіздік таңымда  
Мағжан атың барады өрлеп, биіктеп!

### БАРАСЫҢ ӨРЛЕП, БИКТЕП.

Мағжан атың – ұмытылмас өр есім,  
Жас санамды жырмен тербел келесің.  
Әр жырларың әнге бөлеп тұрады – ау,  
Кең даламнаң ой мен қырын, белесін.

Болашаққа сенген ақын сен бе едің,  
Сүйіншілеп жеткен әлде жел ме едің  
Заманынан оза туған арда ақын,  
Қанатынды қыран құстай сермедің  
Ой –өрісің қалықтады кеңдікке,  
Татсандағы тар тірліктің кермегін  
Аққайындар арулардай аймалап,  
Сарыарқаның самалына тербелдің.

Сен ыстық от, жырың жалын лаулаған.  
Бар әлемді шарпыды өрттей қаулаған  
Жыр алыбы сендей данам тұрғанда,  
Аласарып кетеді ғой тау маған  
Сенің сұлу, сырлы, жырлы өлеңің,  
Бүгінгі ұрпақ жүректерін жаулаған  
Шабыттансым, балғын ойым жетелер,  
Табиғатқа сиқырымен баураған.

Тылсым тағдыр сені тәлекек қылса да,  
Сағың содан қаншама рет сынса да

## Өлеңтепен өрілген өтпір

---

Корықпадың қаталдықтың бетінен,  
Қылышынан қан сорғалап тұрса да

Беу, ақынам, өнердегі аталым,  
Көбейтем деп көзі ашықтың қатарын  
Өз үлтүнің қамын ойлап жүргенде,  
Қалай ғана «халық жауы» атандың

Сендей ақын болған емес осалым,  
Жақұт етіп, жырға өзінді қосамын.  
Егеменді ел болғанда қайран ер.  
Қасіреттің қамытынан босадың

Сен тірегім, қуанышым орасан,  
Жырларыңың әр парағын сан ашам  
Не көрмедің үлтүң үшін ұлы боп,  
Өткен күнге ойлы көзben қарасам  
Үміт артып, сене білген бүгінгі,  
Жастарыңың бірі болып жарасам.  
Қателесе қоймасым да және анық,  
Бір өзінді ұлы Антейге баласам.

Шарпыса да жас жаныңды күйік көп,  
Сол күйігің сөнді басын иіп кеп  
Жалын жырың жүректерге жетумен,  
Үрпақтарың оқып жатыр сүйіп тек  
Тәубе қылған Тәуелсіздік таңымда  
Мағжан атың барады өрлеп, биіктеп!

**ПОЛИЦИЯ - МЕНИҚ ҚОРҒАНЫМ.**

Бүтінгі мынау заманда,  
Басымыз бүтін аманда  
Қоғамды қорғап жүреді  
Полициямыз қашанда!

Ұлтымның сүйген ұланы.  
Елімнің олар қыраны  
Сөздері айтқан зандалық,  
Көздері неткен қырағы!

Күндіз де тыным таппайды,  
Түнде де кірпік қақпайды.  
Егеменді елімнің,  
Тыныштығын сақтайды.

Суға да мұздай түседі  
Отқа да күйіп піседі  
Қатерлі қауып болса да  
Ойланбай – ақ кіріседі.

Көңілге бәрін түйіп – ап,  
Жүрсе де ісін сүйіп – ақ  
Тағдыры қылдың үстінде,  
Қызметтері қын – ақ.

## Өлеңтепен өрілген өмір

---

Оқиға болса ұмтылып,  
Бір сәтке өзін ұмытып  
Танытса ерен ептілік,  
Қылмыскер кетпес құтылып.

Әркімнің өсер жолы бар,  
Кемекке созар қолы бар.  
Бүгінгі бейбіт өмірде,  
Ерлікке толы орның бар.

Киімі қандай қараши,  
Орденін оның санаши  
Әр күні, әр таң, әр жылы –  
Өмір мен өлім арасы.

Қақтығыс бар ғой әлі де,  
Пәле де тұrap әріде  
Жұрты үшін жанын беретін,  
Құрметке лайық бәріде!

Елжіреп тұрса жүргегім,  
Тілекtesің болып жүремін  
Полиция- менің қорғаным,  
Тірлікте менің тірегім.

Құрықтап қоғам қылмысын,  
Ұлы істе жүр ғой ұл – қызың  
Ерлік пен еңбек жемісі –

## Санжар Өзбекұлы

Иыққа қонса жұлдызың.  
Орнатып өмір тазасын,  
Адымдап алға басасың.  
Тәртіптің қатал сақшысы –  
Полициям менің жасасын!

### ӨРЛЕЙ БЕР, ҰЛЫ АРМАНҒА.

Шаттықтың шалқып әнімен,  
Білімнің беріл нәрінен  
Мерейі тасып мектебім,  
Асқақтап тұр – ау бәрінен.

Ұстазым білім ұсынған,  
Біліммен біздер ысылған  
Жол ашып ұлы өмірге,  
Түлегін талай ұшырған.

Ұстанған достық – бірлікті,  
Көресің қызу тірлікті  
Шәкіртін терең оқытқан,  
Ұстаздар неткен білікті.

Көбейіп шәкірт қатары,  
Өнермен шықсың атағы  
Қатысып әрбір сайысқа  
Жүлдемен келіп жатады.

## Өлеңтепен өрілген өтпір

Жеткіншек әр кез асыгар,  
Мектепке қарай жетуге  
Көненің көзін айғактар  
Мұражай қызмет етуде.

Мектебім – алтын үямыз,  
Талайға әлі танылар.  
Ақын да, шебер, спортшы,  
Бәрі де бізден табылар.

Оқу ғой бізге керегі,  
Жемісін жылда береді  
Әр жылғы ҰБТ кезінде,  
Жан салмай алда келеді

Ұмтылыс керек, ұмтылыс,  
Қанатты серме, қамданда  
Өрлейбер менің мектебім,  
Қол созып тұрған арманға!



## Өлеңтөн өрілген өмір \_\_\_\_\_

### ТӘТЕМЕ

Бексейіттегі Гұлнәр тәтесінің туған күніне

Өлеңім әзіл болып өрілерсің  
Немесе күлкі болып төгілерсің  
Туған күн құтты болсын тәтті тәтем  
Шықтыңыз елу сегіз өріне шын  
Желкелеп жездемізді жүгіртуден  
Еркелеп тұруға да ерінесің  
Пеш жанып, үй қайнаған кезде ғана  
Тұра сап екі сағат керілесің  
Тамағың әлі дайын болмаса егер  
Жата қап және тағы тебінесің  
Жездемнің арқасында кемпір емес  
Сондықтан қыздай болып көрінесің

Болады бір өзінді Күн десем де  
Құлпырған қызғалдақтай гүл десем де  
Әрқашан әзілдесіп, ойнап-күліп  
Тәттемен тәп-тәтті әркез күн кешемде  
Санжарың сақшыдай-ақ бақылайды  
Көзіңе шыбын құрлы ілмесен де  
Өзінді ел керемет құрметтейді  
Картошка жәріттеуді білмесен де

Көрпесін ою салып құраган көп  
Тәтеміз көпшілікке ұнаган көп

## Санжар Өзбекұлы

Соғымын жездемізге жегізбестен  
Әр жерге мүшелерін тыгама кеп  
Санжар мен Ілияскә ескертеді  
Ештеңе погребтен ұрлама деп  
Бір маған погребті көру арман  
Көңілім көрмей оны тынама тек  
Қорқамын көріп жатып, ұстап алса  
Құйрыққа сыптырышпен ұрама деп  
Өзініз погребке түсken кезде  
Абайсыз, тайып кетіп, құлама тек  
Кампотын әкеп тұрып айтады еken  
Қанша жыл тұргандығын сұрама деп  
Тәп-тәтті кампотына тойынған жұрт  
Ойлайды бұл тәтемді ғұлама деп  
Қорқамын сол банкіден компот емес  
Бір күні «джин» атып шығама деп

Уа, тәте неткен өзің киелісің!  
Ұрпағың сізге басын ие берсін  
Тәтеміз туған күнде күлім қағып  
Үстіне жылтыр көйлек кие берсін  
Жарасып жездемменен әр жылда да  
Жаратқан жақсылығын үйе берсін  
Ұяңа жылулық пен шаттық сыйлап  
Қораңа құлындастын бие берсін  
Қып-қызыл алмадай ғып тәтем бетін  
Санжары шөпілдетіп сүйе берсін  
Банкіден шыға қалса сол джинініз

## Өлеңтөн өрілген өмір \_\_\_\_\_

Пайдасы өзіңізге тие берсін  
«Не керек әміршім» деп сұрағанда  
«Нұртайдан теріп берші шие» дерсің

Әзілдеп жүрмесекте кісі елінде  
Тойында шие құсан пісемін де  
Алдыңғы жылдан қалған кампотыңды  
Сүйсініп, бүгін тағы ішемінде  
Биылғы дайындастын кампотыңды  
Ішерміз келе жатқан мүшелінде!



## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	5
<b>Тастамбеков Өзбек Сабырұлы</b>	
Өлеңмен өрілген өмірбаяным.....	9
Құттықтау. Ойын мен ойы аралас Тимек досыма мүшег жасына толған кезде.....	12
Жемқорлар.....	14
Қош келдің, Жаңа Жылым!.....	17
Арнау.....	19
Темірболат Божанұлының 50 жасқа толғаны.....	21
Бата Нұртаев Темірболат Божанұлына арналған.....	24
Алпыста мінгендейсің ұлы таққа. Темек досыма 60 жасқа толу құрметіне .....	25
Асланға арнау Куда балаға 19 жаста.....	27
Салмақты болып ойыңыз, Құтты болсын тойыңыз! Мухамедияр ағайдың зейнетке шығуына арнау.....	29
Соғыс таңбасы.....	31
Сағынып жүрмін өзінді.....	34
Біздің ауыл.....	35

Тәуелсіздік – тұғырым.....	36
Жауыр болған «Жаңағы».....	38
Жынды боран.....	39
Арнау.....	40

### **Әңгімелер**

Мәңгі сор.....	43
Табақ тартудың тәртібі.....	49
Бір ауылдың түлеп үшқан жастары едік.....	50
Бірінші әңгіме.....	57
Екінші әңгіме.....	58
Үшінш әңгіме і.....	60

### **Әзіл әңгімелер**

Шағырай бидің айтқаны.....	62
Сыбағасын алған сылқым .....	63

### **Тастамбеков Фархат Өзбекұлының өлеңдері**

Анама.....	66
Біздің ауыл.....	67
Менің Қазақстаным.....	68
Астанага тарту.....	70
Мағжанның аруақ еліне .....	71

Өмірім менің қырық градуста қайнаған.....	72
Күн ұлы.....	74
***** .....	76
<b>Сіз ғашықсыз, аға!</b> (немесе мәңгілік махаббаттың мысалы).....	79
Астана асқақтасын ажарым.....	81
Сен.....	82
Астана .....	84
Сен.....	87
Қараша үйі Мұқаңның.....	86
«Жауыр болған тақырып».....	88
Бұл, футбол!!!.....	89
Ақын өткен қаратып талай мыңды.....	90
Мағжанға.....	92

### **АУДАРМАЛАР**

The Show Must Go On.....	94
You'll Never Walk Alone.....	96
Bon Jovi - It's My Life.....	97

Shah Rukh Khan - Janam Janam

( Dilwale саундтрек, аударма )	99
Zaalima Raees..... (Shah Rukh Khan & Mahira Khan)	101
James Arthur - Impossible .....	103

### **Сабыр Санжар Өзбекұлының өлеңдері**

Хош келдің, Өз-Наурыз!	105
Соқ қоңырау, сыңғырлап!	107
Ардагерлерге.....	108
Анама.....	109
Мақтанышы қазақтың.....	110
Тұған тілім түрғанда .....	112
Ұлы Абайға ұқсап бак.....	113
Ұлы Абайға.....	114
Ұстазым мен қыздарға.....	115
Ұстаздар асыл жандар ғой .....	116
Ұлы елін ұштастырған әлемімен.....	117
Мағжан жыры- мәңгілік.....	119
Көктем.....	121
Соңғы қоңырау.....	122
Гүлжан татейге.....	124
Жеңіс жолында.....	125

Мен елімді және Президентімді мақтан тұтамын!.....	127
Зар заманның шындығы.....	131
Барасың өрлеп, биіктеп.....	134
Полиция - менің корғаным.....	136
Өрлей бер, ұлы арманға.....	138
<b>Тәтеме</b>	
Бексейіттегі Гүлнэр тәтесінің тұған күніне.....	140



## **«ӨЛЕҢМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР»**

**Авторы:**

**ТАСТАМБЕКОВ Ә. С.,  
ТАСТАМБЕКОВ Ф. Ә.,  
САБЫР С. Ә.**

**Жинақтаған:**

**Мұстапина Ә. М.**

**Безендірген және беттеген:**

**Бақтыгүл Мейрамқызы**

Басуға жіберілді 2017жыл маусым айында.

Қазақы Офсет. Пішіні: 145x205

Таралым 20 дана. Тапсырыс №6 Көлісім баға

«Фабрика Рекламы ЕСБ» ЖШС

150000, Петропавл қаласы, Сүтішев көшесі 49

Тел: 8(7152)503888 Email:527500@bk.ru

2017 жыл